Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір айы 2026 жыл 1 апта
3-4 аралас топ

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.03.2026 ж	Сейсенбі 31.03.2026 ж	Сәрсенбі 01.04.2026 ж	Бейсенбі 02.04.2026ж	Жұма 03.04.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;				

өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Баспалдақпен түсіп-шыққанда, топта, топ алаңында бір-бірін итермеу жөнінде әңгімелеу. **Қауіпсіздік ережелері**	**Сюжеттік ойын:** «Қуыршақты ұйықтатамыз»Тәрбиеші: «Қуыршақ шаршады, оны ұйықтатайық» **Б**алалар: қуыршақты төсегіне жатқызады көрпемен жабады «Әлди-әлди» деп айтадыСөздер: «Ұйықта» «Жақсы ұйықта»	Зейінді дамыту. Баланың алдына 3-4 зат қойып, оларды есте сақтауын сұрау Кейін біреуін алып тастап, "Қай зат жоқ?" деп сұрау **Танымдық дағдылар**	**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Қуыршақты тамақтандырамыз» Тәрбиеші балаларға қуыршақты көрсетеді: «Балалар, біздің қуыршағымыз аш болып тұр. Оны тамақтандырайық»Балалар рөлдерді бөліседі: – ана – әке – тәрбиеші (немесе барлығы бірге)Балалар: – қуыршақты отырғызады – қасықпен «тамақ	**"Кім қайда тұрады?"** Жануарлар мен олардың мекендейтін орындарын үйрету. "Балық қайда тұрады?" – "Суда!" "Қасқыр қайда тұрады?" – "Орманда!" "Сиыр қайда тұрады?" – "Аулада!" **Әлеуметтік, танымдық дағдылар**

				береді» – су ішкізеді – «жақсы сөздер» айтады Мысалы: – «Аузыңды аш» – «Жарайсың» – «Дәмді ме?»	
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Сәуірайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ **Ортаңғы топ**	**Қазақ тілі** **«Төрт түлік мал»** **Тілдік дамытушы орта** Ойын 1: «Малды таныстыр» Балалар өздеріне таныс төрт түлік малды атап, толық сөйлеммен таныстырады «Бұл – сиыр. Сиыр сүт береді. Сиыр үй жануары».	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату. Қолды көтеру және түсіру. Саусақтарды қозғалту, жұму және ашу. Отырған қалыпта оңға және солға бұрылу (6 рет). Аяқты бірге және кезекпен бүгу және созу. Шалқасынан	**Музыка** **Музыка тыңдау** Музыкалық шығарма тыңдатылады. Шығарманы иллюстрациямен салыстырады. Балалар аспаптарының дыбысын тыңдайды. Аспап атауын атауға тырысады. Музыкаға назар аударады. Әуеннің сипатын (көңілді, баяу) ажыратады. Музыка арқылы өз	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды жан-жаққа созу құстардың қанатындай қалықтау Саусақ жаттығулары жаңбыр тамшыларын бейнелеу Отырған қалыпта бұрылу желдің қозғалысын көрсету Аяқты кезекпен көтеру гүлге қарай қадам жасау Еңкею жерден гүл тергендей қозғалу **Негізгі қимылдар** Доғаның астымен еңбектеу (40 см) көктемгі іннен өткен	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды көтеру-түсіру күнге қарай созылып қайта түсу Саусақ жаттығулары жаңбыр тамшыларын бейнелеу Бұрылу көктемгі жел бағытымен қозғалу Аяқты бүгу созу жерге отырып қайта тұру Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл жасау

	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ойын 1: «Қой мен қозы» Балалар Қ дыбысы бар сөздерді анық әрі дұрыс айтуға жаттығады: қой, қозы, қора, құлын. Ойын 2: «Ұ дыбысы» Ұ, Ү дыбыстары бар сөздерді дұрыс айту: құлын, бұзау, түйе, үкі. **Сөздік қор** «Мал туралы тақпақ» Балалар төрт түлік туралы	жатып, етпетінен аунау. Қолды алға созып жартылай отыру. **Негізгі қимылдар** 4–6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу Көктемгі табиғатты бейнелеп жай қозғалу Заттардың арасымен еңбектеу гүлдердің арасымен өткен сияқты Кедергілерден абайлап өту **Қимылды ойындар: «Туннельден өт»** Балалар кезекпен туннельден немесе доға астынан еңбектеп	әсерін білдіреді. **Ән айту** Ересекпен бірге ән айту. Әнді бірге бастайды. Әнді бірге аяқтайды. Әуенге сай дұрыс айтуға тырысады. Дауыс ырғағын сақтауға дағдыланады. Сөздерді анық айтуға тырысады. Топпен бірге ән айтуға қатысады. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** Музыкаға сәйкес қарапайым би қимылдарын орындау. Қол және аяқ қимылдарын үйлестіру.	сияқты Арқан астынан өту кедергілерден абайлап өту Қимылды дәл және баяу орындау **Қимылды ойындар: «Кім жылдам еңбектейді?»** Балалар белгі бойынша еңбектеп жарысады Көктемгі жануарлар сияқты қозғалады Кім бірінші жетсе сол жеңімпаз болады	**Негізгі қимылдар** Тақтай бойымен еңбектеу көпірден өткен сияқты Заттарды айналып өту көктемгі кедергілерден айналып жүру Қимылды ұқыпты және тепе-теңдік сақтап орындау **Қимылды ойындар: «Кедергіден өт»** Балалар белгі бойынша әртүрлі кедергілерден өтеді еңбектейді айналып жүреді Көктемгі саяхат ретінде ұйымдастырылады Жылдам әрі дұрыс орындаған балалар мадақталады

	қысқа тақпақ жаттайды және мәнерлеп айтады. **Грамматикалық құрылым** «Көпше айт» Балалар жекеше сөздерді көпше түрде айтады: сиыр – сиырлар, қой – қойлар, жылқы – жылқылар. **Байланысты рып сөйлеу** Ойын 1: «Менің сүйікті малым» әңгімелеу Балалар 2–3 сөйлеммен өз	өтеді Көктемгі іннен шыққан жануарлар сияқты қозғалады	Музыка ырғағына сай қозғалу. Тәрбиешінің қимылдарын қайталау. Қимыл арқылы музыка сипатын көрсету. Қарапайым би элементтерін меңгеру. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау** Сылдырмақпен ырғақпен қағу. Ырғақты сақтауға тырысады. Қатты және ақырын дыбысты ажыратады. Аспапты дұрыс ұстауға үйренеді. Музыка ырғағына сәйкес ойнайды. Топпен бірге		

	ойларын айтады: «Менің сүйікті малым – жылқы. Ол өте пайдалы».		ойнауға қатысады.		
	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта және кезекпен), төмен түсіру. Қолдарын арқасына апару, белге және кеуде тұсына қою. Қолдарды алға-артқа	**Қазақ тілі «Төрт түлік мал» Тілдік дамытушы орта** Ойын 1: «Өз ойыңды дәлелде» Балаларға сұрақ қойылады: «Төрт түлік мал не үшін қажет?» Балалар толық, жайылма сөйлеммен жауап береді: «Менің ойымша, сиыр адамға пайдалы, өйткені ол сүт береді». Балалар сөйлеу	**Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды әртүрлі бағытта көтеру және түсіру көктемгі күнге созылу Қолды белге кеудеге қою дұрыс қалып сақтау Қолды алға-артқа сермеу құстардың қозғалысын бейнелеу Тізерлеп отырып допты домалату жермен ойнағандай қозғалу Аяқты кезекпен	**Музыка Музыка тыңдау:** Домбырамен орындалған ән тыңдатылады. Иллюстрациямен сәйкестендіреді. Музыкаға зейін қояды. Әуеннің сипатын (көңілді, баяу) ажыратады. Домбыра дыбысын тануға тырысады. Музыка арқылы өз әсерін білдіреді. **Ән айту:** Сүйемелдеумен ән айту.	**Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды алға жан-жаққа жоғары көтеру және түсіру көктемгі күнге созылу Қолдарды арқасына апару денені тік ұстау Қолды алға-артқа сермеу құстардың ұшуын бейнелеу Тізерлеп отырып допты айналдыру жермен ойнағандай қозғалу Аяқты көтеру және затты

	сермеу. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, оның астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Екі аяқты кезекпен алға қою (алдымен өкше, содан кейін аяқ ұшымен). Қатарынан 4–5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа	барысында дауыс ырғағын (интонация) дұрыс қолдануға жаттығады. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** «Қ, Ғ дыбыстары» Қой, қымыз, қозы, жылқы сөздерін анық айту. Ғ дыбысы: саға, шағала (дыбысты дұрыс айтуға жаттықтыру).**Сөздік қор**«Ертегі тыңда және айт» Тәрбиеші төрт түлік туралы қысқа ертегі оқиды. Балалар мазмұнын айтып береді. **Грамматикалық құрылым**«Жай сөйлемді кеңейт»	көтеру көктемгі қадам жасау Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл **Негізгі қимылдар** Арқан бойымен жүру жіңішке соқпақпен жүргендей Заттардан аттап өту шалшықтарды айналып өткен сияқты Басқа қапшық қойып жүру тепе-теңдікті сақтап қозғалу **Ырғақтық жаттығулар** Музыкамен қозғалу көктемгі көңілді әуенге сай қимылдау Қимылды ырғақпен үйлестіру **Қимылды ойындар:**	Әнді созып айтуға тырысады. Әнді дұрыс бастап, бірге аяқтайды. Дауыс ырғағын сақтауға үйренеді. Сөздерді анық айтуға дағдыланады. Әуенге сәйкес айтуға тырысады. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыка ырғағына сай секіру. Қимылды музыкамен үйлестіру. Музыка ырғағына сәйкес қозғалу. Қимылдарды үйлестіріп орындауға тырысады. Тәрбиешінің қимылдарын қайталайды. **Балалар аспаптарында**	беру көктемгі ойын әрекеті Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл **Негізгі қимылдар** Аяқтың ұшымен жүгіру жеңіл әрі жұмсақ қозғалу Тізені жоғары көтеріп жүгіру белсенді қадам жасау Шеңбер бойымен және «жыланша» жүгіру көктемгі соқпақпен қозғалу **Ырғақтық жаттығулар** Музыкамен жүгіру көктемгі көңілді әуенмен қимылдау Қозғалысты ырғаққа сәйкестендіру **Қимылды ойындар:**

	созып отырып-тұру. **Негізгі қимылдар** Сызықтардың арасымен (15 см) жүру көктемгі соқпақпен жүргендей Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру көпірден өткен сияқты Қолды екі жаққа созып жүру құстар сияқты тепе-теңдік сақтау **Ырғақтық жаттығулар** Музыкамен таныс қимылдарды орындау	Сиыр жайылады → Сиыр далада жайылады → Ақ сиыр кең далада жайылып жүр. **Байланыстырып сөйлеу** «Әңгіме құрастыр» Балалар 4–5 сөйлеммен әңгіме құрайды. **Музыка** **Музыка тыңдау:** Ән иллюстрацияларм ен және қимылдармен сүйемелденіп тыңдатылады. Домбырамен орындалған күй тыңдатылады. Музыканың сипатын ажыратады. Музыкаға зейін	**«Кедергіден өт»** Балалар әртүрлі кедергілерден өтіп қозғалады еңбектейді аттайды айналады Көктемгі саяхат ретінде ұйымдастырылады Жылдам әрі дұрыс орындаған балалар мадақталады	**ойнау:** Металлофонда қарапайым әуен ойнау. Ырғақты сақтауға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратады. Аспапты дұрыс ұстауға дағдыланады. Музыка ырғағына сәйкес ойнайды. **Билер:** Атрибуттармен би қимылдарын орындау. Музыка ырғағына сай қозғалу. Қимылдарды еркін орындауға тырысады. Қарапайым би элементтерін біріктіреді. Қимыл арқылы көңіл күйін білдіреді.	**«Жыланша»** Балалар бірінің артынан бірі тізіліп жыланша қозғалады бағытты өзгертіп жүреді Ұйымшылдық пен ептілік дамиды

	көктемгі көңілді әуенмен қозғалу Қимылды музыка ырғағына сай үйлестіру **Қимылды ойындар: «Тепе-теңдікті сақта»** Балалар сызық бойымен немесе тақтай үстімен жүріп тепе-теңдікті сақтайды Кім құламай дұрыс өтсе сол жеңімпаз болады Ойын көктемгі серуен ретінде	қояды. Күй мен әннің айырмашылығын сезінеді. Әуеннің көңілді немесе баяу екенін анықтайды. Музыка арқылы өз әсерін білдіреді. **Ән айту:** Тәрбиеші көмегімен ән айту. Әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Қарапайым қимылдармен айту. Әуенге сәйкес дұрыс айтуға тырысады. Дауыс ырғағын сақтауға үйренеді. Сөздерді анық айтуға дағдыланады. Топпен бірге ән			

	ұйымдастырылады	айтуға қатысады. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыка ырғағына сәйкес секіру. Баяу және жылдам қозғалысты ажырату. Музыка ырғағына сай қимылын өзгерту. Тәрбиешінің қимылдарын қайталау. Қарапайым би және ойын қимылдарын орындау. Қимыл арқылы музыка сипатын жеткізу. **Балалар аспаптарында ойнау:** Металлофонда біркелкі соғу.			

		Ырғақты сақтауға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратады. Аспапты дұрыс ұстауға дағдыланады. Музыка ырғағына сәйкес ойнайды. Топпен бірге ойнауға қатысады. **Билер:** Көңілді музыкаға қарапайым би қимылдарын орындау. Музыка ырғағына сай қозғалу. Қимылдарды үйлестіріп орындауға тырысады. Қарапайым би элементтерін біріктіреді. Қимыл арқылы көңіл күйін			

		білдіреді.			
	Ортаңғы топ Апта дәйек сөзі: **«Мал баққанға бітеді» (Қазақ мақалы)** Балаларға мақалдың мағынасы қарапайым тілмен түсіндіріледі: үй жануарларын күтіп-баптаса, олар адамға пайда әкеледі. Ойын әрекеті: **«Қозы мен қой»** **Тіл дамыту – сөйлеудің**	**Ортаңғы топ** Ойын әрекеті: **«Ешкі мен лақ»** **Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Педагог балаларға ешкі мен лақтың суретін және ойыншықтарын көрсетеді. Балалармен бірге «ешкі», «лақ», «ме-ме» сөздерін анық айтуға жаттықтырады. Дауысты дыбыстарды (а, ә, е) және дауыссыз дыбыстарды (к, қ, т) дұрыс айтуға бағытталған артикуляциялық жаттығулар	**Ортаңғы топ** Ойын әрекеті: **«Төлін тап»** **Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Балалар үй жануарларының атауларын анық айтады: қой, ешкі, сиыр. Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады. **Сөздік қор** Балалар «қой жайылады», «қозы жүгірді», «сиыр мөңіреді» сөз тіркестерін қолданады. **Тілдің**	**Ортаңғы топ** Ойын әрекеті: **«Қорадағы жануарлар»** Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті **Сөздік қор** Балалар «қой қорада тұр», «қозы жүгіріп жүр», «ешкі жайылып жүр» сияқты сөз тіркестерін қолданады. Жаңа сөздерді қолдану арқылы сөйлем құрауға үйренеді. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Балалар зат есімдерді көмекші сөздермен бірге қолданады: «Қозы қораның ішінде», «Ешкі	**Ортаңғы топ** Ойын әрекеті: **«Ферма»** **Тіл дамыту – сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Балалар үй жануарларының атауларын анық айтып, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық жаттығулар жасалады. Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтады. **Сөздік қор** Балалар «сиыр сүт

	дыбыстық мәдениеті Педагог балаларға үй жануарларының суреттерін көрсетеді. «Қой», «қозы», «мә-мә» сөздерін анық айтуға жаттықтырады. Дауысты дыбыстарды (а, ә, о) анық айтуға үйретеді. Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтады. **Сөздік қор** «Қозы жүгірді», «қой	орындалады. Балалар жануарлардың дыбыстарын еліктеп айтып, сөйлеу қарқынын баяу және анық айтуға жаттығады. **Сөздік қор** Балалар «ешкі жайылды», «лақ секірді», «лақ жүгірді» сияқты сөз тіркестерін қолдануға үйренеді. Жаңа сөздерді дұрыс қолдануға бағытталған шағын ойындар ұйымдастырылады. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Балалар зат есімдерді көмекші	**грамматикалық құрылымы** Балалар «қозы қойдың жанында», «бұзау сиырдың артында» сияқты сөз тіркестерін қолданады. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар жануарлар мен олардың төлдерін сәйкестендіріп, шағын әңгіме құрастырады. **Көркем әдебиет** Педагог үй жануарлары туралы ертегі оқиды. Балалар кейіпкерлердің рөлін ойнайды. **Қазақ тілі** Жаңылтпаш айту арқылы дыбыстарды дұрыс	қораның жанында», «Қой қораның артында». Жекеше және көпше түрде айту жаттығулары жүргізіледі: қой – қойлар, қозы – қозылар. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Қорадағы жануарлар» ойынында жануарларды орналастырып, олардың әрекеттері туралы қысқа сөйлемдер айтады. Педагог сұрақтар қойып, балалардың жауап беруін ынталандырады. **Көркем әдебиет** Педагог үй жануарлары туралы қысқа ертегі немесе өлең оқиды. Балалар	береді», «қой жүн береді», «жылқы жүгіреді» сияқты сөз тіркестерін қолданады. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Балалар зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады: сиыр – сиырлар, қозы – қозылар. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Ферма» ойыны арқылы жануарларды атап, олардың әрекеттері туралы шағын әңгіме құрайды. **Көркем әдебиет** Балалар апта бойы тыңдаған ертегіні немесе өлеңді бірге қайталап, шағын

	жайылды» сияқты сөз тіркестерін айту. **Тілдің грамматикалық құрылымы** «Қозы қораның ішінде», «қой қораның жанында» сөз тіркестерін қолдану. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Қошақан» ертегісін тыңдап, кейіпкерлерді ойын арқылы көрсетуге тырысады. **Көркем әдебиет**	сөздермен қолданады: «Лақ қораның жанында», «Ешкі қораның ішінде». Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану жаттығулары жүргізіледі (лақ – лақтар). **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Лақ пен ешкі» туралы шағын көрініс ті ойын арқылы бейнелейді. Кейіпкерлердің әрекетін айтып, қарапайым сөйлемдер құрайды. **Көркем әдебиет** Ешкі мен лақ туралы қысқа	айтуға жаттықтыру.	кейіпкерлердің дауысын келтіріп, шағын сахналау әрекетіне қатысады. **Қазақ тілі** Қазақ тіліне тән «ә», «ө», «қ», «ү», «ұ» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Балалар қысқа санамақты немесе жаңылтпашты қайталап айтады. **Математика негіздері – сан** Балалар ойыншық жануарларды санайды. «Қайсысы артық?», «Қайсысы кем?» сұрақтарына жауап береді. **Шама** Балалар үлкен-кіші, биік-аласа ұғымдарын қолдана отырып жануарларды салыстырады. **Геометриялық**	сахналау әрекетін көрсетеді. **Қазақ тілі** Балалар санамақ немесе жаңылтпаш айтып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттығады. **Математика негіздері – сан** Балалар ойыншық жануарларды санап, тең және тең емес топтарды салыстырады. «Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. **Шама** Балалар жануарларды үлкен-кіші, биік-аласа бойынша салыстырады. **Геометриялық**

	Үй жануарлары туралы қысқа ертегі тыңдау, кейіпкерлердің дауысын келтіру. **Қазақ тілі** Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, қ, ұ) айтуға жаттықтыру.	өлең немесе ертегі тыңдалады. Балалар кейіпкерлердің дауысын салып, шағын сахналау әрекетіне қатысады. **Қазақ тілі** Қазақ тіліне тән «ә», «қ», «ұ» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Балалар санамақ немесе қысқа тақпақты қайталап айтады.		**пішіндер** Балалар дөңгелек пішінді зерттеп, жануарлар бейнесінен дөңгелек элементтерді табады. **Кеңістікте бағдарлау** Балалар жануарларды оң және сол жағына орналастырады. **Уақытты бағдарлау** Педагог жануарлардың күндіз жайылып, кешке қораға келетінін түсіндіреді.	**пішіндер** Балалар дөңгелек пішінді бекітеді. **Кеңістікте бағдарлау** Балалар ойыншықтарды оң және сол жақтарына орналастырады.
Ересек топ	Апталық дәйексөз **«Малды баққанға бітеді.»** Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту**	Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** **«Жануарлардың төлдері»** Балаларды үй жануарларының төлдерінің	Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** **«Жануарлардың мекені»** Балаларды үй жануарларының қайда тұратынымен	Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** **«Жануарлардың қимылы»** Балаларды үй жануарларының қозғалысымен	Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** **«Менің сүйікті жануарым»** Балалардың өз ойын еркін айтуына мүмкіндік беру.

	«Үй жануарлары» Балаларды үй жануарларының атауларымен таныстыру (сиыр, жылқы, қой, ешкі). Жануарлардың төлдерін атау (бұзау, құлын, қозы, лақ). Балалардың сөздік қорын кеңейту, белгілі дыбыстан басталатын сөздерді тыңдап ажырату. Жануарлардың	атауларымен таныстыру (қозы, лақ, бұзау, құлын). Төлдердің сыртқы ерекшеліктерін сипаттау, олардың қимыл-қозғалысын айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорын байыту, толық сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. Балалардың тыңдау және ажырату қабілеттерін дамыту (сұрақ-жауап, әңгімелесу, «Сиқырлы қапшық» ойыны, TRIZ «Егер төлдер сөйлей алса…», дидактикалық	таныстыру (қора, жайлау, ферма). Жануарлардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу, олардың қай жерде жайылатынын, қай жерде күтім жасалатынын айту. Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, өз ойын толық сөйлеммен жеткізуге үйрету. Жануарлардың мекенін сипаттау арқылы сөздік қорын байыту (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Ойлан-тап» ойыны, TRIZ «Егер жануарлар қорасыз қалса не болар еді?»). **Көркем әдебиет «Төлдер айтысы»**	таныстыру (жүреді, жүгіреді, секіреді, шабады). Жануарлардың қимылдарын сипаттап айтуға үйрету. Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, сөздік қорын байыту. Жануарлардың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелеу (әңгімелесу, қимылды ойын, «Кім қалай қозғалады?» ойыны, TRIZ «Егер жануарлар болмаса не болар еді?»). **Көркем әдебиет «Қой мен ешкі» ертегісі** Балаларға ертегіні тыңдату, мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің	Сүйікті жануары туралы әңгімелеу, оның ерекшеліктерін сипаттау. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, балалардың сөздік қорын кеңейту (әңгімелеу, «Сиқырлы микрофон» әдісі, сұрақ-жауап). **Көркем әдебиет «Төлдер достығы» ертегісі** Балаларға ертегіні тыңдату, мазмұнын айтуға үйрету. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылау, олардың достығы мен қамқорлығын түсіндіру. Балалардың

	ерекшеліктерін сипаттап айту, сөйлем құрастыруға дағдыландыру (сұрақ-жауап, әңгімелесу, «Миға шабуыл», TRIZ «Егер жануарлар сөйлей алса…», дидактикалық ойын). **Көркем әдебиет «Төрт түлік» өлеңі** Балаларға төрт түлік туралы өлең тыңдату, мазмұнын түсінуге, өлең жолдарын	ойын). **Көркем әдебиет «Төлдер» тақпағы** Балаларға төлдер туралы тақпақты тыңдату, мазмұнын түсінуге, жатқа айтуға үйрету. Тақпақты түрлі интонациямен айтуға баулу. Кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау, балалардың есте сақтау қабілетін дамыту (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, рөлге бөліп айту). **Қазақ тілі «Төлдерді сипаттаймыз»** Балаларға төлдердің түсін,	**ертегісі** Балаларға ертегіні тыңдату, мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқын сипаттау, олардың әрекеттеріне жанашырлық таныту. Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, шығарманы дұрыс қабылдауына мүмкіндік беру (мәнерлеп оқу, сахналау, рөлдік ойын). **Қазақ тілі «Жануарлар туралы әңгіме»** Балаларды	әрекеттерін талқылауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерін рөлге бөліп ойнау арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (мәнерлеп оқу, сахналау, рөлдік ойын). **Қазақ тілі «Жануарларды сипаттаймыз»** Балаларды жануарлардың түсін, көлемін, қимылын сипаттауға үйрету. Сөйлем ішінде жаңа сөздерді қолдану, еркін диалог құруға мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру (сұрақ-жауап, диалог, ойын әдісі).	шығармашылық қабілеттерін дамыту (мәнерлеп оқу, сахналау, рөлдік ойын). **Қазақ тілі «Жануарлар туралы диалог»** Балаларды жануарлар туралы сұрақ-жауап арқылы диалог құруға үйрету. Өз ойларын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Сөйлеудің анық және дұрыс болуына көңіл бөлу (диалог, ойын әдісі). Танымдық дағды **Математика негіздері «1–5**

	қайталап айтуға үйрету. Интонацияны сақтап мәнерлеп айтуға баулу. Кейіпкерлерге жанашырлық таныту, балалардың шығарманы дұрыс қабылдауына мүмкіндік беру (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, сахналау). **Қазақ тілі «Жануарлар қалай дыбыстайды?»**	көлемін, қимылын сипаттауға үйрету. Жай сөйлемдер құрау арқылы өз ойын жеткізуге мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ) (диалог, сөздік ойын, ойын технологиясы). Танымдық дағды **Математика негіздері «Төлдерді салыстыру»** Балаларды заттарды салыстыруға үйрету. Үлкен-кіші, ұзын-қысқа ұғымдарын қолдану. Төлдердің	жануарлар туралы жай және жайылма сөйлемдер құрауға үйрету. Жануарлардың түсін, көлемін, қимылын сипаттау арқылы диалог құруға мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, қ, ғ). Балалардың еркін сөйлеу белсенділігін арттыру (диалог, сұрақ-жауап, ойын әдісі). **Танымдық дағды Математика негіздері «Жануарларды жұптаймыз»** Балаларды жануарларды жұппен қою	Танымдық дағды **Математика негіздері «Пішіндерді табамыз»** Балаларды геометриялық пішіндермен таныстыру (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш). Пішіндерді жануарлардың бейнесімен байланыстыру. Пішіндерді салыстыру, топтастыру арқылы балалардың логикалық ойлауын дамыту (дидактикалық ойын «Қай пішін?», салыстыру, топтастыру). **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**дейін санау»** Балаларды 1–5 дейін тура және кері санауға жаттықтыру. Жануарлардың суреттерін пайдаланып санау, салыстыру. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беру (дидактикалық ойын «Санап көр», топтастыру). **Қоршаған әлеммен таныстыру «Жануарларға қамқорлық»** Жануарларға күтім жасау, оларды қорғау туралы түсінік беру. Жануарларды ренжітпеу, оларға қамқор болу әр адамның міндеті

	Жануарлардың дыбыстарын дұрыс айтуға, сөздерді анық айтуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ). Жай сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру (дыбыстық ойын, диалог, ойын технологиясы). Танымдық дағды **Математика негіздері «Малды**	суреттерін пайдаланып екі затты салыстыру, нәтижесін айту. Балалардың логикалық ойлауын дамыту (дидактикалық ойын «Қайсысы үлкен?», салыстыру, топтастыру).	арқылы салыстыруға үйрету. Тең және тең емес топтарды анықтау, заттарды жұптау арқылы санамай салыстыру дағдыларын дамыту. Жануарлардың суреттерін пайдаланып логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру (дидактикалық ойын «Жұбын тап», топтастыру, салыстыру). **Қоршаған әлеммен таныстыру «Малға күтім жасау»** Балаларды үй жануарларына қалай күтім жасау	**«Жануарлардың қорегі»** Балаларды жануарлардың немен қоректенетінімен таныстыру. Мал бағатын адамдардың еңбегі туралы әңгімелеу. Балаларға **ерте кәсіптік бағдар** элементтерін беру: малшы, фермер, ветеринар мамандықтары туралы айту. Жануарларға қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Жануарларға дұрыс қарау олардың **құқығын қорғау**екендігін түсіндіру (әңгімелесу, бақылау, суретпен жұмыс).	екенін түсіндіру. Балаларға **құқықтық сауаттылық** элементтері: жануарларға дұрыс қарау, оларға зиян келтірмеу туралы түсінік қалыптастыру (әңгімелесу, бақылау).

	санаймыз» Балаларды 1-5 дейін санауға жаттықтыру. Жануарлардың суреттерін пайдаланып санау, «барлығы қанша?», «нешінші?» сұрақтарына жауап беру. Жануарларды жұппен салыстыру, тең және тең емес топтарды анықтау (дидактикалық ойын «Кім тез санайды?», топтастыру, салыстыру).		керектігімен таныстыру. Малға жем беру, су беру, қораны тазалау сияқты жұмыстар туралы айту. Балаларға **ерте кәсіптік бағдар** элементтері: малшы, фермер, ветеринар мамандықтары туралы түсінік беру. Бұл мамандықтардың жануарларға көмектесетінін айту. Жануарларға дұрыс қарау олардың өмірін қорғау екенін түсіндіру, **құқықтық сауаттылық** элементтерін қалыптастыру (әңгімелесу,		

			бақылау, суретпен жұмыс).		
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Сәуірайына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.				

	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа	**Математика негіздері – сан** Қой мен қозыларды	**Математика негіздері – сан** Балалар ойыншық лақтарды санайды.	**Математика негіздері – сан** Балалар жануарларды санап, тең және тең	**Құрастыру** Балалар кірпіштер мен пластиналарды пайдаланып жануарларға арналған	**Құрастыру** Балалар құрылыс материалдарынан ферма немесе қора құрастырады.

және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) **Ортаңғы топ**	санау: «бір қозы», «екі қозы». «Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап беру. **Шама** Үлкен қой мен кіші қозыны салыстыру. **Геометриялық пішіндер** Дөңгелек пішінді (қозының басы) көрсету. **Құрастыру** Кірпіштерден жануарларға арналған қора құрастыру. **Сурет салу**	«Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» сұрақтарына жауап береді. **Шама** Балалар ұзын және қысқа таяқшаларды салыстырады. Ұзын-қысқа ұғымдарын қолданады. **Геометриялық пішіндер** Балалар дөңгелек пішінді заттарды табады. **Кеңістікте бағдарлау** Балалар ойыншық жануарларды оң және сол жағына орналастырады. **Уақытты бағдарлау** Педагог күндіз жануарлар	емес топтарды салыстырады. **Шама** Балалар ұзын-қысқа, үлкен-кіші заттарды салыстырады. **Геометриялық пішіндер** Балалар дөңгелек пішінді зерттейді. **Кеңістікте бағдарлау** Балалар ойыншықтарды оң және сол жағына орналастырады. **Құрастыру** Балалар үлгі бойынша жануарларға арналған қора құрастырады. **Сурет салу** Балалар жануарлар бейнесі бар	қора немесе қоршау құрастырады. **Сурет салу** Балалар қылқаламды дұрыс ұстап, қағаз бетіне жануарлар мен шөп бейнесін салады. Негізгі түстерді қолданады. **Мүсіндеу** Балалар ермексаздан өздеріне ұнаған жануар бейнесін мүсіндейді және таяқшамен безендіреді. **Жапсыру** Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып жануар бейнесін құрастырып жапсырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар жануарларға қамқор болу	**Сурет салу** Балалар жануарлар бейнесі бар қарапайым сюжеттік сурет салады. **Мүсіндеу** Балалар өздеріне ұнаған жануарды мүсіндеп, ұжымдық композиция жасайды. **Жапсыру** Балалар геометриялық пішіндерден жануар бейнесін құрастырып жапсырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру – табиғаттағы маусымдық өзгерістер** Балалармен бірге көктем мезгіліндегі

	Қылқаламды дұрыс ұстап, қозының жүнін нүктелер арқылы салу. **Мүсіндеу** Ермексаздан домалақ пішін жасап қозы бейнесін мүсіндеу. **Жапсыру** Дөңгелек және сопақ пішіндерді жапсырып қозы бейнесін жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Үй жануарларының адамға пайдасы туралы	жайылатынын, кешке қораға келетінін түсіндіреді. **Құрастыру** Балалар кірпіштер мен пластиналарды пайдаланып жануарларға арналған қора немесе алаң құрастырады. **Сурет салу** Балалар қарындаш пен қылқаламды дұрыс ұстап, қағаз бетіне шөп пен жануар бейнесін салады. Негізгі түстерді қолданады. **Мүсіндеу** Балалар ермексаздан лақ бейнесін мүсіндейді,	қарапайым сюжеттік сурет салады. **Мүсіндеу** Балалар өздеріне ұнаған жануарды мүсіндейді. **Жапсыру** Балалар геометриялық пішіндер арқылы жануар бейнесін құрастырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Жануарларды күту және қорғау туралы әңгіме жүргізіледі.	керектігін түсінеді. Педагог жануарларға күтім жасау туралы әңгіме жүргізеді.	ауа райы туралы әңгімелесу жүргізіледі. Педагог балалардан «Бүгін ауа райы қандай? (жылы, салқын)» деп сұрайды. Табиғаттағы өзгерістерге назар аудартады: көктемде күн жылынады, жануарлар жайылымға шығады. Бақылау күнтізбесіне көктемгі ауа райының жағдайы белгіленеді.

	әңгімелеу.	таяқшамен безендіреді. **Жапсыру** Балалар дайын геометриялық пішіндерден жануар бейнесін құрастырып жапсырады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар ешкінің сүт беретінін, оның адамға пайдалы екенін біледі. Жануарларға қамқор болу қажеттігі туралы әңгіме жүргізіледі.			
Ересек топ	**Қоршаған әлеммен таныстыру «Үй жануарлары**	**Қоршаған әлеммен таныстыру «Төлдер қалай өседі?»**	**Қаржылық сауаттылық** элементі **«Жануарлардан алынатын**	**Қаржылық сауаттылық** элементі **«Мал өнімдері»** Жануарлардан	**Қаржылық сауаттылық** элементі **«Ферма өнімдері»** Жануарлардан

	ның пайдасы» Үй жануарларының адамдарға пайдасы туралы түсінік беру. Сиырдың сүт беретіні, қойдың жүн беретіні, жылқының көлік ретінде пайдаланылатыны туралы айту. Жануарларға қамқорлық жасау қажеттігін түсіндіру (әңгімелесу, бақылау, зерттеу, суретпен жұмыс).	Балаларды жануарлардың төлдерімен таныстыру, олардың қалай өсіп-жетілетінін түсіндіру. Төлдердің қорегі, күтімі туралы әңгімелеу. Жануарларға қамқорлық жасау қажеттігін түсіндіру (әңгімелесу, бақылау, суретпен жұмыс). Шығармашылық дағды **Сурет салу «Бұзау»** Балаларды бұзаудың бейнесін салуға үйрету, түстерді дұрыс таңдауға	**өнімдер»** Балаларды жануарлардан алынатын өнімдермен таныстыру (сүт, айран, қымыз, жүн). Бұл өнімдердің адамдарға қажет екенін түсіндіру. Еңбек арқылы өнім алынатынын, адамдар бұл өнімдерді сатып алатынын айту. Балалардың еңбек пен нәтиже арасындағы байланысты түсінуіне мүмкіндік беру (әңгіме, ойын «Ферма өнімдері»). Шығармашылық дағды **Сурет салу**	алынатын өнімдер туралы айту (сүт, жүн, ет). Бұл өнімдердің адамдарға қажет екенін, оларды сатып алуға болатынын түсіндіру. Балаларға еңбек пен өнім арасындағы байланыс туралы қарапайым түсінік беру (әңгіме, ойын «Дүкен»). Шығармашылық дағды **Сурет салу «Ешкі»** Балаларды ешкінің бейнесін салуға үйрету. Түстерді дұрыс таңдауға, қылқаламды ұқыпты қолдануға дағдыландыру. Жануардың негізгі бөліктерін бейнелеу (дәстүрден тыс әдіс	алынатын өнімдер (сүт, айран, ірімшік, жүн) туралы әңгімелеу. Бұл өнімдерді адамдар дүкеннен сатып алатынын түсіндіру. Балаларға еңбектің нәтижесі өнім болатынын түсіндіру (ойын «Ферма дүкені»). **Ерте кәсіптік бағдар «Фермер мамандығы»** Балаларды фермер, малшы, ветеринар мамандықтарымен таныстыру. Бұл мамандықтардың жануарларға қамқорлық жасайтынын айту (әңгіме, суретпен жұмыс).

	Шығармашылық дағды **Сурет салу «Қой»** Қой бейнесін салу, түстерді дұрыс қолдану. Қойдың жүнін бейнелеуде дәстүрден тыс әдісті қолдану (мақта немесе саусақпен сурет салу). **Мүсіндеу «Қозы»** Ермексаздан қозы мүсіндеу. Домалақтау, қысу, басу әдістерін қолдану арқылы	дағдыландыру. Қылқаламды дұрыс қолдану, бұзаудың дене бөліктерін бейнелеу (дәстүрден тыс әдіс саусақпен сурет салу). **Мүсіндеу «Лақ»** Балаларды ермексаздан лақ мүсіндеуге үйрету. Домалақтау, басу, біріктіру тәсілдерін қолдану арқылы жануардың бөліктерін жасау. Ұсақ мотериканы дамыту (көрсету, ойын тәсілі). **Жапсыру «Құлын»** Балаларды қағаздан дайын	**«Жылқы»** Балаларды жылқының бейнесін салуға үйрету. Жылқының дене бөліктерін бейнелеу, түстерді үйлестіру. Қылқаламды дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру (дәстүрлі сурет салу, бақылау арқылы бейнелеу). **Мүсіндеу «Құлын»** Балаларды ермексаздан құлын мүсіндеуге үйрету. Домалақтау, созу, біріктіру тәсілдерін қолдану арқылы жануардың бөліктерін жасау. Балалардың шығармашылық қабілеттерін және	алақанмен сурет салу). **Мүсіндеу «Қой»** Балаларды ермексаздан қой мүсіндеуге үйрету. Домалақтау, қысу, басу тәсілдерін қолдану арқылы жануардың дене бөліктерін жасау. Ұсақ мотериканы дамыту (көрсету, ойын тәсілі). **Жапсыру «Жайлаудағы жануарлар»** Балаларды дайын пішіндерді пайдаланып жайлау көрінісін жасауға үйрету. Жануарларды қағаз бетіне дұрыс орналастыру, композиция құрастыру (үлгі бойынша жұмыс,	Шығармашылық дағды **Сурет салу «Жайлаудағы жануарлар»** Балаларды жайлау көрінісін бейнелеуге үйрету. Жануарларды табиғи ортада орналастыру, түстерді үйлестіру (еркін сурет салу). **Мүсіндеу «Қозы мен лақ»** Балаларды бірнеше бөліктен тұратын мүсін жасауға үйрету. Ермексазбен жұмыс арқылы ұсақ мотериканы дамыту (көрсету, шығармашылық жұмыс). **Жапсыру «Төрт түлік»**

	жануардың дене бөліктерін біріктіру (көрсету, ойын тәсілі). **Жапсыру «Жайлаудағы қойлар»** Қағаздан дайын пішіндерді пайдаланып қой бейнесін жапсыру. Элементтердің ретін сақтап композиция құрастыру (үлгі бойынша жұмыс). **Құрастыру «Мал қорасы»** Құрылыс материалдар	пішіндерді пайдаланып құлын бейнесін жасауға үйрету. Пішіндерді дұрыс орналастыру, композиция құрастыру (үлгі бойынша жұмыс). **Құрастыру «Жануарлар ауласы»** Балаларды құрылыс материалдарынан жануарлар тұратын аула құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру, бірлесіп жұмыс жасауға дағдыландыру (конструктормен жұмыс, шығармашылық	ұсақ моторикасын дамыту (көрсету, шығармашылық жұмыс). **Жапсыру «Жайлау көрінісі»** Балаларды жайлау көрінісін қағаз бетіне орналастырып жапсыруға үйрету. Жануарларды дұрыс орналастыру, композиция құрастыру дағдыларын дамыту. Табиғат пен жануарлардың байланысын көрсету (үлгі бойынша жұмыс, композиция). **Құрастыру «Ауыл»** Балаларды құрылыс	композиция). **Құрастыру «Қора мен қоршау»** Балаларды құрылыс материалдарынан жануарларға арналған қора мен қоршау құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру, бірлесіп жұмыс жасауға дағдыландыру (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын).	Балаларды төрт түлік бейнесін қағаз бетіне орналастырып жапсыруға үйрету. Ұлттық ою-өрнек элементтерін қолдану арқылы композиция жасау (үлгі бойынша жұмыс). **Құрастыру «Ферма»** Балаларды конструктордан ферма құрастыруға үйрету. Жануарларға арналған қора, қоршау жасау, құрастырылған нысандармен ойын ұйымдастыру (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын).

	ынан немесе лего конструктордан мал қорасын құрастыру, кеңістікте дұрыс орналастыру (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын).	ойын).	материалдарынан ауыл көрінісін құрастыруға үйрету. Үйлерді, қораларды және жануарлар тұратын орындарды жасау. Кеңістікте дұрыс орналастыру дағдыларын дамыту, бірлескен шығармашылық жұмыс ұйымдастыру (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын)		
Балалармен жеке жұмыс	**Бағыты:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті **Жұмыс:** «А, ә, о, ұ» дыбыстарын дұрыс	**Бағыты:** Дауыссыз дыбыстар **Жұмыс:** П–Б дыбыстарын салыстырып айту (па-ба, піл–балық).	**Бағыты:** Сөйлеу қарқыны **Жұмыс:** Қысқа жаңылтпашты алдымен баяу, кейін жылдам айтқызу.	**Бағыты:** Сөздік қор (тұсау кесу) **Жұмыс:** «Тұсау кесу», «ала жіп», «тұсауын кесу» сөз тіркестерін қайталату, мағынасын түсіндіру.	**Бағыты:** Граммати калық құрылым **Жұмыс:** Заттың орналасуын айтқызу (доп үстінде, орындықтың астында).

	артикуляциямен айтқызу, айна арқылы жұмыс.				
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Ойын:** «Қасқыр қақпанында» **Шарты:** Шеңбер ішінде «қасқыр» тұрады. Қалған балалар шеңбер сыртында жүгіреді. Белгі	**Ойын:** «Нысанаға дәл тигіз» **Шарты:** Қапшықты немесе допты 2–3 метр қашықтықтағы нысанаға дәл лақтырады.	**Ойын:** «Кім тез сапқа тұрады?» **Шарты:** Еркін қозғалып жүреді. Белгі бойынша бойына қарай немесе түске қарай тез сапқа тұрады.	**Ойын:** «Өткелден өту» **Шарты:** Орындық немесе сызық бойымен тепе-теңдікті сақтап өтіп, соңында секіріп түседі.	**Ойын:** «Допты бер де, отыр» **Шарты:** Шеңберде тұрып допты бір-біріне береді. Кімге доп келсе, тез отырып қайта тұрады.

	бойынша шеңберден өтіп шығып үлгеруі керек, қасқыр ұстап алуға тырысады.				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір айы 2026 жыл 2 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.04.2026 ж	Сейсенбі 07.04.2026 ж	Сәрсенбі 08.04.2026 ж	Бейсенбі 09.04.2026ж	Жұма 10.04.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				

	Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Сюжеттік ойын: «Қонақ күтеміз»** Әдептілікке, қарым-қатынасқа үйрету. Ойын барысы: Балалар: – қонақты қарсы алады – «келіңіз» дейді – шай береді Сөздер: – «Сәлеметсіз бе?» – «Келіңіз»	**"Түйе, жылқы, қой"**Қазақ халқының төрт түлік малға деген құрметін үйрету, жануарларды ажыратуға баулу. (жылқы – мініс малы, түйе – шөлге төзімді, сиыр – сүт береді, қой – жүн береді).Балаларға әр малдың дауысын салып, қимылмен көрсетуін сұраңыз:Жылқы – шабадыТүйе – ақырын қозғаладыҚой – маңырайды **Бір тұтас тәрбие**	**"Бесікке бөлеу"** Бесік жырын тыңдау арқылы ананың мейірімін сезіну, ұлттық дәстүрге баулу. Қуыршақ, кішкентай көрпе. Балаларға бесік туралы айтып беру.Бір бала "ана" рөлін, біреуі "сәби" рөлін атқарады."Ана" бесік жырын айтып, "баланы" тербетеді.Қалған балалар тыңдап, бірге қосылып айтады. Бұл ойын ананың қамқорлығын сезінуге көмектеседі. **Бір тұтас тәрбие**	**"Бауырсақ қайда домалады?"**Қазақ ертегілеріне қызығушылық тудыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту. "Бауырсақ" суреті немесе ойыншық.Балаларға "Бауырсақ" ертегісін айтып беру."Бауырсақ қасқырға барды ма?" – балалар "Иә" немесе "Жоқ" деп жауап береді."Бауырсақ неге қашты?" – балалар ойларын айтады.Бұл ойын ертегілерге қызығушылық арттырады. **Бір тұтас тәрбие**	**"Жапырақтар су ішеді"** **Мақсаты:** Өсімдіктердің су ішетінін көрсету. **Қажетті заттар:** Ақ түсті гүл немесе жапырағы бар өсімдік, боялған су. **Ойын барысы:**Гүлді немесе өсімдікті түрлі-түсті суға салыңыз.Біраз уақыттан кейін оның жапырақтары немесе гүлдері боялады.Балалар өсімдіктердің тамыры арқылы су ішетінін түсінеді. **Экологиялық тәрбие**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату				

	Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Сәуірайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
ёКестеге сәйкес ҰІӘ **Ортаңғы топ**	**Қазақ тілі «Бөлме өсімдіктері» Тілдік**	**Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар**	**Музыка Музыка тыңдау** Музыкалық шығарма	**Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар** Қол саусақ аяқ	**Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар**

	ң өрнегін бейнелеу. Түстерді үйлестіру (қылқаламмен сурет салу, **дәстүрден тыс әдіс саусақпен сурет салу**). **Мүсіндеу «Қоңыз»** Ермексаздан қоңыз мүсіндеу (домалақтау, біріктіру). **Жапсыру «Көбелек қанаты»** Қағаздан көбелек бейнесін жасап, өрнектерін жапсыру. **Құрастыру**	Балаларды ермексаздан құмырсқа илеуін жасауға үйрету. Домалақтау, біріктіру тәсілдерін қолдану (көрсету, шығармашылық жұмыс). **Жапсыру «Жәндіктер жолы»** Балаларды қағаздан құмырсқа бейнесін жасап, жол бойына орналастыруға үйрету. Композиция құрастыру (үлгі бойынша жұмыс). **Құрастыру «Құмырсқа илеуі»** Балаларды	ермексаздан көбелек мүсіндеуге үйрету. Домалақтау, біріктіру тәсілдерін қолдану арқылы жәндіктің бөліктерін жасау (көрсету, шығармашылық жұмыс). **Жапсыру «Гүлдегі көбелек»** Балаларды түрлі түсті қағаздан көбелек пен гүл бейнесін жасап, қағаз бетіне орналастыруға үйрету. Композиция құрастыру (үлгі бойынша жұмыс). **Құрастыру «Гүл алаңы»** Балаларды құрылыс	сюжеттік сурет салу (қылқаламмен сурет салу). **Мүсіндеу «Бал арасы»** Балаларды ермексаздан ара мүсіндеуге үйрету. Домалақтау, біріктіру тәсілдерін қолдану арқылы жәндіктің бөліктерін жасау (көрсету, шығармашылық жұмыс). **Жапсыру «Бал арасы мен гүл»** Балаларды қағаздан гүл мен ара бейнесін жасап, қағаз бетіне орналастыруға үйрету. Композиция құрастыру. **Құрастыру «Бал ұясы»** Балаларды құрылыс материалдарынан	

	«Жәндіктер алаңы» Конструктордан немесе табиғи материалдардан жәндіктер өмір сүретін алаң құрастыру.	құрылыс материалдарынан құмырсқа илеуін құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру дағдыларын дамыту (конструктормен жұмыс, **STEM элементтері**).	материалдарынан немесе табиғи материалдардан гүлдер өсетін алаң құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру дағдыларын дамыту (конструктормен жұмыс, **STEM элементтері**).	немесе конструктордан бал ұясын құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру дағдыларын дамыту (конструктормен жұмыс).	
Балалармен жеке жұмыс	**Бағыты:** Мүсіндеу **Жұмыс:** Біле зік немесе жүзік мүсіндеп, таяқшамен өрнек салдыру.	**Бағыты:** Ұжымдық жұмыс **Жұмыс:** Жеке жасаған бұйымын ортақ композицияға орналастыру.	**Бағыты:** Жапсыру **Жұмыс:** Желімді дұрыс жағып, дөңгелек пішінді ортасына дәл жапсыру.	**Бағыты:** Қоршаған ортамен таныстыру **Жұмыс:** Ауа райын бақылап, «жылы», «суық» деп сипаттау, бақылау күнтізбесіне белгілеу.	
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және**				

	ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Ойын:** «Шең берді бұзба» **Шарты:** Балалар қол ұстасып шеңбер жасайды. Ортадағы бала шеңберді бұзып шығуға тырысады.	«Доппен эстафета» **Шарты:** Допты аяқ арасымен немесе қолмен ұстап, кезекпен жеткізеді.	**Ойын:** «Қақпаға дәлде» **Шарты:** Допты шағын қақпаға дәл домалатады.	«Көктемгі жарыс» **Шарты:** Жүгіру, секіру, лақтыру элементтері бар шағын жарыс ұйымдастырылады.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана				

	тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**

1-күн
Ойын: «Қасқыр қақпанында»
Шарты: Шеңбер ішінде «қасқыр» тұрады. Қалған балалар шеңбер сыртында жүгіреді. Белгі бойынша шеңберден өтіп шығып үлгеруі керек, қасқыр ұстап алуға тырысады.

2-күн
Ойын: «Нысанаға дәл тигіз»
Шарты: Қапшықты немесе допты 2–3 метр қашықтықтағы нысанаға дәл лақтырады.

3-күн
Ойын: «Кім тез сапқа тұрады?»
Шарты: Еркін қозғалып жүреді. Белгі бойынша бойына қарай немесе түске қарай тез сапқа тұрады.

4-күн
Ойын: «Өткелден өту»
Шарты: Орындық немесе сызық бойымен тепе-теңдікті сақтап өтіп, соңында секіріп түседі.

5-күн
Ойын: «Допты бер де, отыр»
Шарты: Шеңберде тұрып допты бір-біріне береді. Кімге доп келсе, тез отырып қайта тұрады.

6-күн
Ойын: «Қаршыға мен торғайлар»
Шарты: Торғайлар алаңда жүреді. Қаршыға шыққанда белгіленген жерге жүгіріп жетуі керек.

7-күн
Ойын: «Кедергілер жолағы»
Шарты: Жүгіріп барып, кедергіден аттап, туннельден еңбектеп өтіп, қайта оралады.

8-күн
Ойын: «Кім шапшаң?»
Шарты: Екі топқа бөлініп, белгіленген межеге дейін эстафета арқылы жүгіріп жарысады.

9-күн
Ойын: «Допты қағып ал да, лақтыр»
Шарты: Жұптасып бір-біріне доп лақтырып, қағып алады.

10-күн
Ойын: «Түсті бұрыштар»
Шарты: Алаңның төрт бұрышына түрлі түсті белгілер қойылады. Педагог атаған түске тез жүгіріп барады.

11-күн
Ойын: «Орныңды тап»
Шарты: Музыка тоқтағанда әр бала белгіленген шеңберге тез тұруы керек.

12-күн
Ойын: «Секір де бұрыл»
Шарты: Белгі бойынша алға секіріп, артқа бұрылып жүгіріп келеді.

13-күн
Ойын: «Ұста да жеткіз»
Шарты: Жүгіріп барып затты алып, өз тобына жеткізеді.

14-күн
Ойын: «Қуып жет»
Шарты: Бір бала қашады, екіншісі қуып жетуге тырысады. Белгіленген аймақтан шықпау керек.

15-күн
Ойын: «Кім дәл?»
Шарты: Допты жерге соғып, қайта ұстап алады (2–3 рет қатарынан).

16-күн
Ойын: «Жалаушаны әкел»
Шарты: Белгі берілгенде жүгіріп барып жалаушаны алып қайтады.

17-күн
Ойын: «Өзен үстіндегі көпір»
Шарты: Тар жолақпен жүріп өтіп, соңында қос аяқпен секіреді.

18-күн
Ойын: «Тез бағыт ауыстыр»
Шарты: Жүгіріп келе жатып белгі бойынша оңға, солға бұрылады.

19-күн
Ойын: «Қорға да сақта»
Шарты: Бір бала допты қорғайды, басқалары допты алып кетуге тырысады.

20-күн
Ойын: «Кім көп жинайды?»
Шарты: Алаңға шашылған заттарды уақыт ішінде жинап әкеледі.

21-күн
Ойын: «Шеңберді бұзба»
Шарты: Балалар қол ұстасып шеңбер жасайды. Ортадағы бала шеңберді бұзып шығуға тырысады.

22-күн
Ойын: «Доппен эстафета»
Шарты: Допты аяқ арасымен немесе қолмен ұстап, кезекпен жеткізеді.

23-күн
Ойын: «Қақпаға дәлде»
Шарты: Допты шағын қақпаға дәл домалатады.

24-күн
Ойын: «Көктемгі жарыс»
Шарты: Жүгіру, секіру, лақтыру элементтері бар шағын жарыс ұйымдастырылады.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 2026 жыл 1 апта
3-4 аралас топ

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы.
Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.03.2026 ж	Сейсенбі 03.03.2026 ж	Сәрсенбі 04.03.2026 ж	Бейсенбі 05.03.2026ж	Жұма 06.03.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;				

өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**«Таза су – таза өмір!»**Балаларға судың ластануы мен тазалануын көрсету.Екі мөлдір шыныдыс Лас су (балшық немесе боялған су)Фильтр (мақта, дәке, құм немесе сүзгіш қағаз) Бірінші ыдысқа таза су құйып, балаларға көрсету.Екінші ыдысқа лас суды құйып, оның	«Асықтан басып шығу» ойыны Белгілі бір сызықтан асықтарды дәлдеп атумен құлату. Барлық асықтарды басып шығу арқылы жеңіске жету Әр ойыншы кезекпен сақасын атып, асықтарды басып құлатуға тырысады. Егер сақа асықтарды дәл басып құлатса, құлатылған асық ойыншының меншігіне өтеді. Қайта ату:Ойыншы сақамен кезекті ату құқығын сақа асықтарды басып құлатқан	**«Қайсысы үлкен, қайсысы кіші?»**Балалардың заттардың өлшемдерін ажырату дағдысын қалыптастыру.Әртүрлі көлемдегі ойыншықтар (үлкен және кіші доптар, машиналар, қуыршақтар)Балаларға үлкен және кіші заттарды көрсетіп, олардың айырмашылығын сұрау.«Үлкен допты көрсет!» немесе «Кішкентай машинаны тауып ал!» деп тапсырма беру. **Математика негіздері**	**«Жоғалған зат»**Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.4-5 ойыншық немесе зат (мысалы: қоян, доп, кубик, кітап) Балаларға барлық ойыншықтарды көрсетіп, есте сақтауды сұрайды.Біреуін жасырып, «Қай ойыншық жоғалды?» деп сұрайды. Балалар жоғалған затты табуға тырысады. **Танымдық дағдылар**	**Қауіпсіз тамақтану ережелері**Ыстық тағамдарды абайлап жеу Тамақтануға арналмаған заттарды ауызға салмау.Тым үлкен немесе қатты тағамдарды дұрыс шайнап жеу. «Тамақтану әдебі» (қауіпсіз тамақтану дағдылары)**Қауіпсіздік ережелері**

	қандай екенін түсіндіру.Лас суды сүзгіден өткізу (мақта немесе құм арқылы).Сүзілген судың біршама тазарғанын балаларға көрсету. **Экологиялық тәрбие**	жағдайда ғана алады. Егер сақа асыққа тимесе, кезек келесі ойыншыға беріледі. Ойын соңында ең көп асық жинаған ойыншы жеңімпаз атанады.**Бір тұтас тәрбие**			
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.				

	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ **Ортаңғы топ**	**Қазақ тілі** **Тілдік дамытушы орта** **Ойын 1: «Анамды таныстыр»** Балалар аналарының есімін толық атап, «Менің анам – Айгүл Серікқызы» деп таныстырады. **Ойын 2:**	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолдарын алдына және басынан жоғары көтеріп, артына апарып шапалақтау (6–8 рет). Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарды жоғары қарату (6 рет). Қолды кезекпен	**Музыка** **Музыка тыңдау** Домбырада орындалған ән тыңдатылады. Шығарманы соңына дейін тыңдайды. Қай аспапта орындалғанын айтады. Қысқаша фортепианода қайталанып, айырмашылығы анықталады.	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды алға созып, алақанды жоғары қарату (6–8 рет). Қолды жанға созу (6 рет). Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру (6–8 рет). Саусақ жаттығулары: саусақтарды ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет). Допты артқа беру (5–	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды жоғары көтеріп шапалақтау (6–8 рет). Қолды алға созып, бастапқы қалыпқа келу (6 рет). Саусақпен жаттығу: саусақтарды ашу-жұму, кезекпен бүгу (8–10 рет). Аяқты артқа қою,

	«Жылы сөздер шеңбері» Балалар шеңберде тұрып, бір-бірінің анасын толық атымен атап, жақсы тілек айтады. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ойын 1: «Әсем ана»** Ә дыбысы бар сөздерді айту: әже, әдемі, мейірімді әже. **Ойын 2: «Үлгілі ұл»** Ү, Ұ дыбыстары бар сөздерді	көтеру-түсіру (8 рет). Саусақтарды қозғалту, жұму және ашу (8–10 рет). Допты бір-біріне басынан жоғары беру (5–6 рет). Оңға-солға бұрылу (6 рет). Аяқ ұшына көтерілу, аяқты алға қою (6–8 рет). Терең тыныс алу жаттығулары (мұрынмен дем алып, ауызбен шығару – 3–4 рет). **Негізгі қимылдар** Бірқалыпты жүгіру (30–40 секунд). Алаңның бір жағынан екінші	**Ән айту** Сүйемелдеуге ілесіп айту. Қайырмасын бірге орындау. Сөз тіркесінің соңын бірге аяқтау. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** Қазақ би элементтері: қолды әсем көтеру, қадам жасау, жеңіл бұрылу. **Балалар аспаптарында ойнау** Металлофонда бір пластинада біркелкі соғу. Сылдырмақпен қайырма ырғағын беру. **Ойын: «Қай аспап?»** Әртүрлі аспапта	6 рет). Аяқты жан-жаққа қою, бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет). Аяқ ұшына көтерілу (6 рет). **Негізгі қимылдар** Шеңбер бойымен бірқалыпты жүгіру (30–40 секунд). 10–15 метрге жылдам жүгіру (2–3 рет). Бағытты өзгертіп жүгіру. Допты төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру (4–5 рет). **Қимылды ойын** «Қуып жет». Балалар белгі бойынша бірін-бірі қуып жетуге тырысады. Ойын барысында жылдамдықты арттыруға, бағытты	бастапқы қалыпқа келу (6–8 рет). Аяқ ұшына көтерілу (6 рет). **Негізгі қимылдар** «Жыланша» жүгіру (кедергілер арасымен иреленделеп жүгіру). Допты жоғары лақтыру және қағып алу (4–5 рет). Допты жерге соғып, қайта қағып алу. **Қимылды ойын** «Допты түсірме». Балалар допты бір-біріне беріп, жерге түсірмеуге тырысады. Ойын барысында ептілікке, зейінге және үйлесімді қимыл жасауға үйретіледі. **Спорттық**

	дұрыс айту: үлгілі, үкі, ұл, ұқыпты. **Сөздік қор** **Ойын 1: «Анама арнау»** Ана туралы тақпақ жаттау. **Ойын 2: «Жаңылтпаш айт»** «Анама алақанымменалғыс айтам» (анық айтуға жаттықтыру). **Грамматикалық құрылым** **Ойын 1: «Қандай ана?»** Зат есім + сын есім:	жағына тура бағытта жүгіру. Белгі бойынша тоқтап жүгіру. Допты екі қолмен кеуде тұсынан 1,5 м қашықтыққа лақтыру (4–5 рет). **Қимылды ойын** «Белгіге дейін жүгір». Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіріп бару. Белгі берілгенде тоқтау немесе кері қайту. Ойын барысында ережені сақтау үйретіледі. **Мәдени-гигиеналық дағдылар** Тамақ алдында қол жуу реттілігін үйрету: қолды сулау, сабындау,	(домбыра, фортепиано) қысқа дыбыс орындалады. Балалар қай аспап екенін табады. Музыканы есте сақтауға дағдыландыру.	өзгертуге, ережені сақтауға үйретіледі. **Мәдени-гигиеналық дағдылар** Тісті таңертең және кешке тазалау қажеттілігі түсіндіріледі. Тісті дұрыс тазалау реттілігі көрсетіледі: тіс щеткасына паста жағу, жоғары-төмен қимылмен тазалау, ауызды шаю. **Өзіне-өзі қызмет көрсету** Тарақты дұрыс қолдану. Шашты ұқыпты тарау, тарақты өз орнына қою дағдылары қалыптастырылады. **Салауатты өмір салты** Таза ауаның денсаулыққа пайдасы туралы әңгіме	**жаттығу** Оңға және солға бұрылып велосипед тебу. Тепе-теңдікті сақтау, қауіпсіздік ережесін сақтау дағдылары бекітіледі. **Гигиена** Қолды сабынмен дұрыс жуу реттілігі қайталанады: қолды сулау, сабындау, алақан мен саусақ арасын ысқылау, шаю, құрғату. **Өзіне-өзі қызмет** Қасықты дұрыс ұстау. Тамақты төкпей ішу, ұқыптылық сақтау дағдылары қалыптастырылады. **Салауатты өмір салты**

	мейірімді ана, әдемі ана. **Ойын 2: «Ана не істейді?»** Зат есім + етістік: ана пісіреді, ана еркелетеді. **Байланысты рып сөйлеу** **Ойын 1: «Менің анам» әңгімелеу** 2–3 сөйлеммен анасы туралы айту. **Ойын 2: «Сурет бойынша әңгіме»** Ана мен бала бейнесі бойынша	алақан мен саусақ арасын ысқылау, шаю, сүлгімен құрғату. Тазалық сақтаудың маңызы түсіндіріледі. **Өзіне-өзі қызмет көрсету** Киімді дұрыс шешу. Киімді орындыққа немесе арнайы сөреге жинап қою. Аяққиімді ретімен орналастыру. **Салауатты өмір салты** Жүгірудің жүрек пен өкпеге пайдалы екені түсіндіріледі. Қимыл-қозғалыстың денені шынықтыратыны және денсаулықты		жүргізіледі. Таза ауада ойнау мен серуендеудің маңызы түсіндіріледі. **Сауықтыру** Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен терең дем алып, ауызбен баяу шығару (3–4 рет). Қолды жоғары көтеріп дем алу, төмен түсіріп дем шығару. Сергіту сәтін ұйымдастыру. .	Қозғалыстың денсаулыққа оң әсері түсіндіріледі. Күнделікті қимыл-қозғалыс жасау қажеттілігі айтылады. **Сауықтыру** Серуен кезінде қозғалыс ойындары ұйымдастырылады. Таза ауада еркін жүгіру, секіру, қимылды жаттығулар орындау. Тыныс алу жаттығуларын жасау

	сұрақтарға жауап беру.	нығайтатыны айтылады. **Сауықтыру-шынықтыру** Таза ауада серуендеу (10–15 минут). Сыртта қимылды ойындар ұйымдастыру. Табиғатты бақылау. Тыныс алу жаттығуларын орындау			
	Дене тәрбиесі Сапқа тұру. Доппен қимылды ойын Балаларды сапқа дұрыс тұруға, арақашықтық	**Қазақ тілі** «Ана» тақырыбы **Тілдік дамытушы орта** **Ойын: «Анама әсерлі сөз»** Балалар анасына арналған сөйлемді әртүрлі интонациямен айтады (жылы,	**Дене тәрбиесі** Сапқа тұру. Құрсаумен жаттығу Сапқа дұрыс тұруды бекіту. Құрсаумен жаттығу арқылы икемділік пен тепе-теңдікті дамыту. І. Кіріспе бөлім (5 минут) Сапқа тұру.	**Музыка** **Музыка тыңдау** Домбырада орындалған қысқа күй тыңдатылады (2 минут). Соңына дейін тыңдау талап етіледі. Тыңдау кезінде күйдің сипатын қимылмен көрсету ұсынылады: ойнақы болса – жеңіл қадам,	**Дене тәрбиесі** Сапқа тұру. Секіргішпен ойын Мақсаты: Сапқа дұрыс тұруды бекіту. Секіргіш арқылы аяқ бұлшықеттерін дамыту. І. Кіріспе бөлім Жай жүріс, жүгіру, тыныс алу.

	сақтауға үйрету. Доппен жаттығу арқылы қол бұлшықеттерін дамыту. I. Кіріспе бөлім (5 минут) Балаларды сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Педагог балалардың сыртқы келбетін тексереді (аяқ киім, киім ыңғайлылығы). Жаттығулар: – Жай жүріс – Аяқ	қуанышты, мақтанышпен). Мысалы: «Анашым, сіз ең мейірімдісіз!» Мақсаты – дауыс ырғағын өзгертіп, тыңдаушы назарын аудару. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** **Ойын: «Дыбысты анық айт»** Сөздер: өмір, үміт, ұл, ілтипат, ғажап, қамқор. Балалар дыбыстарды (ө, ү, ұ, і, ғ, қ) жеке айтып, кейін сөйлем ішінде қолданады. Тыныс алу жаттығуы жасалады.	Сәлемдесу. Сыртқы келбетін тексеру. Жаттығулар: – Жай жүріс – Аяқ ұшымен жүру – Өкшемен жүру – Жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығуы. II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут) 1. Қолды жоғары көтеру – төмен түсіру. 2. Қолды екі жаққа созып айналдыру. 3. Қол белде – оңға, солға бұрылу.	баяу болса – жай тербелу. Тыңдау соңында: – Күй көңілді ме, ойнақы ма? – Қай кезде жылдамдады? Музыканы есте сақтау үшін күйдің басы қайта ойналады. Ойын: «Көңілді ме, баяу ма?» Екі карточка: (көңілді) / (баяу). Музыка аяқталған соң балалар карточка көтереді. **Ән айту** Таныс ән сүйемелдеумен айтылады. Кейін әннің 1–2 жолын сүйемелдеусіз айтуға талпыныс. Мәнерлеп айту: тынысты дұрыс алып, жол соңын созу,	II. Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Саусақ жаттығулары. 2. Қол айналдыру. 3. Бұрылу. 4. Еңкею. 5. Аяқ көтеру. III. Негізгі қимыл Шеңберге тұру. Орнында айналу. Оңға, солға бұрылу. IV. Қимылды ойын: «Секіргішпен секіру» Балалар жеке-жеке секіреді. Белгіге дейін

	ұшымен жүру – Өкшемен жүру – Жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығуы. I. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут) Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу (6–8 рет). Қол білектерін айналдыру. Қолды кеудеге қою – оңға, солға бұрылу. Қол белде – оңға, солға еңкею. Тізені бүгіп,	**Сөздік қор** **Ойын: «Өленді мәнерле»** Ана туралы шағын өленді кідіріс жасап, логикалық екпін қойып айту. Грамматикалық құрылым **Ойын: «Жай және жайылма»** Жай сөйлем: «Анам қамқор.» Жайылма сөйлем: «Менің анам өте қамқор және мейірімді.» **Байланыстырып сөйлеу** **Ойын: «Неге жақсы көремін?»** Неге анаңды жақсы көресің? Не үшін анаң саған қамқор болады?	4. Алға еңкею. 5. Орнында жеңіл секіру. III. Негізгі қимыл Бір-бірден сапқа тұру. Екеуден қатарға тұру. Шеңберге қайта тұру. Ара қашықтық сақтау. IV. Қимылды ойын: «Құрсаудан өт» Икемділік пенептілікті дамыту. **Ойын шарты:** Құрсаулар тізбектеліп қойылады. Балалар кезекпен құрсаудың ішінен секіріп немесе	дауыс күшін сақтап айту. Ойын: «Созып айт» Ән жолының соңғы буынын бәрі бірге созып айтады (ұзақ/қысқа салыстыру). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Таныс әнді сахналау: кейіпкерлер таңдалады (құс, бала, ана, т.б.). Қимылмен мазмұнын көрсету. Ойын: «Кейіпкер бол» Ән басталғанда әр бала өз кейіпкерін қимылмен көрсетеді, әннің бөлімі ауысқанда эпизод ауысады. **Балалардың аспаптарында ойнау** Домбыраның сүйемел	секіріп барып, кері қайтады. Ережесі: арақашықтық сақтау. V. Ырғақтық жаттығу Музыкамен жеңіл секіру. VI. Қорытынды Тыныс алу жаттығулары.

	кезек аяқ көтеру. Педагог дұрыс орындалуын бақылайды. II. Негізгі қимыл Бір-бірден сапқа тұру. Шеңберге тұру. Оңға, солға бұрылу. Орнында айналу. Қауіпсіздік ережесі түсіндіріледі. V. Қимылды ойын: «Допты бер де отыр»Зейінділік пен ұжымдық әрекетті	Балалар себеп-салдармен жауап береді. **Музыка** **Музыка тыңдау** Домбыраның суреті/нақты үлгісі көрсетіледі. Үні қалай шығатынына назар аудартылады. Домбырада орындалған жеңіл халық әні тыңдатылады (2–3 минут). Балалар шығарманы соңына дейін тыңдайды. Тыңдау кезінде иллюстрация көрсетіледі (ән мазмұнына сай: табиғат, ауыл, мереке).	еңкейіп өтеді. **Ережесі:** – Құрсауды құлатпау – Кезекті сақтау – Жүгірмеу V. Ырғақтық жаттығу Музыкамен марш жасау, қолды жоғары-төмен қозғау. VI. Қорытынды бөлім Тыныс алу жаттығулары. Қауіпсіздік ережесін еске салу.	ырғағы тыңдатылады. Балалар соқпалы аспаппен (дабыл/таяқша) ырғақты бірге береді. Металлофонда бір пластинада бірқалыпты соғу қайталанады. Ойын: «Орында да тоқта» Музыка жүргенде соғады, музыка тоқтаса – қолды тізеге қояды. **Билер** Қазақ биіндегі қол қимылдары: алақанды сыртқа қаратып ашу, қолды жоғары көтеріп түсіру, жеңіл иілу. Ойын: «Қол өрнегі» Музыкаға сай «қол өрнегін» қайталау: 1) ашу 2) көтеру 3) түсіру 4) иілу.	

	қалыптастыру.	Музыка аяқталған соң: – Музыка көңілді ме, әлде баяу ма? – Қандай аспаптың үні естілді? – Музыкада қай жері күштірек, қай жері жайырақ болды? Музыканы есте сақтауға көмектесу үшін әннің қысқа бөлігі қайта тыңдатылады. Ойын: «Аспапты тап» Домбыра мен фортепиано суреті беріледі. Бір дыбыс қайта ойналады. Балалар қай аспап екенін табады. **Ән айту**			

	Ойын шарты: Балалар шеңберге тұрады. Педагог допты береді. Белгі бойынша балалар допты бір-біріне береді. Допты алған бала отырады. Доп толық айналып шыққанша жалғасады. Ырғақтық жаттығу (3–4 минут) Музыка ырғағымен:	Ән (ре–си I октава шегінде) алдымен толық орындалады. Балалар тыңдайды. Екінші рет сүйемелдеумен бірге айтуға шақырылады. Мәнерлеп айтуға баулу: – сөзді анық айту – дауыс күшін бірқалыпты ұстау – соңғы буынды созып айту – әнді қимылмен үйлестіру (қолды кеудеге қою, қолды әсем көтеру, бас изеу) Ойын: «Қайырманы бірге айт» Әннің қайталанатын			

	– Қол шапалақтау – Аяқпен ырғақ жасау – Жеңіл айналу VI. Қорытынды бөлім (3 минут) Тыныс алу жаттығулары. Сабақты қорытындылау.	сөздері шыққанда бәрі бірге қосылады, соңын созып аяқтайды. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Қазақ биінің қарапайым элементтері: – оңға/солға қадам – қолды әсем ашу – жеңіл бұрылу – иықты нәзік қозғау Музыка ырғағымен 2–3 рет қайталанады. Ойын: «Қимылды қайтала» Бір бала қимылды көрсетеді, қалғандары музыкамен бірге қайталайды. **Балалардың музыкалық**			

		аспаптарында ойнау Балалар домбырасы таныстырылады: шегін қолмен ақырын қағып көру (кезекпен, қауіпсіз). Металлофон (бір пластина) арқылы бірқалыпты соғу көрсетіледі. Балалар қайталайды. Ойын: «Ырғақты тыңда – қайтала» 2 жай соққы – балалар қайталайды; 3 жылдам соққы – балалар қайталайды. **Билер** Шеңбер бойымен ән айтып жүру. Музыка тоқтаса –			

		тоқтау. Музыка жылдамдаса – қадамды жылдамдату. Ойын: «Шапшаң шеңбер» Белгі бойынша бағытты ауыстыру (оңға/солға).Ептілік пен шапшаңдық дамиды.			
	Ортаңғы топ «Ана – мейірім» **Апталық дәйек сөз:** *«Ана – өмірдің шуағы»* Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** Балаларға «Ана» сөзін баяу, анық	Ортаңғы топ «Мен анамды жақсы көремін» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** «Мен анамды жақсы көремін» сөйлемін қайталау. «Анам не істейді?» сұрағына бір сөзбен жауап беру	Ортаңғы топ «Ана – қамқор» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** «Ана қамқор» сөз тіркесін айту. Балалардың өз ойын 1–2 сөзбен жеткізуіне мүмкіндік беру. **Көркем әдебиет** Ана туралы шағын әңгімеден бір-екі	Ортаңғы топ «Ана еңбегі» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** Балалармен «Ана не істейді?» тақырыбында әңгімелесу. Тәрбиеші сөйлемді бастап береді: *«Ана…»*, балалар бір сөзбен толықтырады (жуады,	Ортаңғы топ «Анаға сыйлық» Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту** Балалар «Анаға сыйлық» сөз тіркесін қайталап айтады. Тәрбиешімен бірге «Анама сыйлық» деп қуанышты көңіл күймен айту. **Көркем әдебиет**

	айтқызу. «Ана мейірімді», «Ана жақсы» сияқты екі сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыру. Жаңылтпаш айту: *«Анама ақ алма апардым»*. **Көркем әдебиет** «Ана» туралы қысқа тақпақты тыңдау. Тақпақ жолдарын суретті мнемокесте арқылы қайталап айту.	(жуады, құшақтайды). **Көркем әдебиет** Қысқа тақпақты қимылмен бірге айту (құшақтау, алақанды жүрекке қою). **Қазақ тілі** Зат есім мен сын есімді бірге айту: *жақсы ана, әдемі ана*. Қарапайым санамақты тыңдау. Танымдық дағды **Математика негіздері** Үлкен және кіші ойыншықтарды салыстыру. Таңертең және кешке суреттерін ажырату.	сөйлемді тыңдау және қайталау. **Қазақ тілі** Зат есім мен етістікті бірге айту: *ана күледі, ана құшақтайды*. Танымдық дағды **Математика негіздері** Өзінің оң қолын, сол қолын көрсету. «Оң», «сол» сөздерін қимылмен бекіту.	тамақ береді, құшақтайды). Сөйлеу қарқынын баяулатып, сөздерді анық айтуға назар аудару. **Көркем әдебиет** Ана еңбегі туралы қысқа тақпақты тыңдау: *«Анам мені бағады, Анам үйді жинайды»* Тақпақ жолдарын суретті тірек арқылы (үй, ана, бала) қайталап айту. **Қазақ тілі** Қ, ұ дыбыстарын «қуаныш», «құттықтаймын», «ұқыпты» сөздері арқылы дұрыс айту. Балалардың бір-біріне қарап есімін атап сөйлеуіне жағдай жасау.	Апта бойы үйренген ана туралы тақпақтарды қайталау. Балалар таныс жолдарын бірге айтуға қатысады. **Қазақ тілі** «Жақсы ана», «әдемі ана» сөз тіркестерін қайталау. Балаларды бір-бірін атымен атап, қысқа жауап беруге ынталандыру. Танымдық дағды **Математика негіздері** Апта бойы қолданылған гүл, жүрек пішіндерін қайта қарап, «біреу», «көп» сөздерін айту.

	Қазақ тілі Ә, ө, ү дыбыстарын «әдемі», «өнерлі», «үлкен» сөздері арқылы дұрыс айту. Балаларды бір-бірін атымен атауға үйрету. Танымдық дағды **Математика негіздері** Екі гүлді салыстырып, «артық», «кем» сөздерін айту. Гүлдің ортасын дөңгелек пішін ретінде			Танымдық дағды **Математика негіздері** Күндіз және түнде бейнеленген суреттерді көрсету. Балалар «күндіз», «түнде» сөздерін қайталап айтып, суреттерді сәйкестендіреді.	Дөңгелек пішінді танып көрсету.

	танып, қолмен ұстап көру.				
Ересек топ	**Апталық дәйек сөз:** *«Анаға құрмет – адамдықтың белгісі»* «Ана – қонақжай үйдің берекесі» **Коммуникативтік дағды – Тіл дамыту** Сөздер мен сөз тіркестерін анық, дұрыс айтуға назар аудару. «Қонақ	«Ана дастарханы – береке көзі» **Коммуникативтік дағды – Тіл дамыту** Балалардың сөздерді анық, дұрыс айтуына назар аудару. «Дастархан», «ас», «тағам», «бата», «ас қайыру» сөздерінің мағынасын түсіндіру. Қазақ халқының дастархан мәдениеті туралы әңгімелеу: асты оң қолмен ұсыну,	«Анаға құрмет – үлкенге ізет» **Коммуникативтік дағды – Тіл дамыту** Балалармен үлкендерді сыйлау, анаға құрмет көрсету туралы әңгіме жүргізу. «Қамқор ана», «еңбекқор ана», «мейірімді ана» сөз тіркестерін анық дикциямен айту. Сөйлеу барысында сөздердің дұрыс айтылуына, дыбыстарды жұтпай айтуға көңіл бөлу.	«Ана – табиғат жанашыры» **Коммуникативтік дағды – Тіл дамыту** Өсімдіктерге күтім жасау туралы әңгімелеу. «Суарады», «қопсытады», «гүл өсіреді» сөз тіркестерін анық айту. Сөздерді дұрыс айтуға, сөйлеу қарқынын сақтауға жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеу Өсімдіктің өсуі үшін не қажет екенін	«Анаға сыйлық» **Коммуникативтік дағды – Тіл дамыту** Балалардың анаға деген сүйіспеншілігі мен алғысын сөзбен жеткізуіне мүмкіндік беру. «Анама рахмет», «Мен анамды жақсы көремін», «Анам мені күтеді» сияқты сөйлемдерді анық дикциямен айту. Сөйлеу барысында сөздерді дұрыс айтуға, дыбыстарды

	келді», «қонақты қарсы алды», «төрге отырғызды» тіркестерін дұрыс дикциямен айту. Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі туралы әңгімелеу: қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, ас ұсыну. Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: *мейірімді ана, кең дастархан*.	үлкендерге бірінші ас беру, ас ішкен соң алғыс айту. Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: *ақ дастархан, дәмді ас, мол тағам*. Байланыстырып сөйлеу «Ас ішіп болған соң» ұсынылған сюжетті жағдайы бойынша бата беру, ас қайыру көрінісін сахналау. Балалар рөлдерге бөлініп, өз ойларын толық сөйлемдермен жеткізеді. **Көркем әдебиет** Бата сөздерін	Зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып сөйлем құрастыру. Байланыстырып сөйлеу «Анаға қалай көмектесемін?» ұсынылған сюжетті жағдай бойынша балалар өз ойларын толық сөйлемдермен жеткізеді. Балалар бір-біріне **неге? не үшін?** деген сұрақтар қояды, жауап береді. **Көркем әдебиет** Ана туралы өлең оқу, сөз өнерінің тәрбиелік мәнін түсіндіру. Санамақ айту, жаңылтпаштар	ретімен айтып беру (жер, су, жарық, жылу). Балалар өз ойларын бір-бірімен байланыстырып жеткізеді. **Көркем әдебиет** Өсімдіктер мен табиғат туралы халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыру. Өсімдікке қатысты жұмбақтар шешу, санамақ айту. Кітаптағы өсімдік бейнеленген иллюстрацияларды өз бетінше қарап, сол бойынша шағын әңгіме құрастыру. Қазақ тілі Тынысты дұрыс алып сөйлеу, дыбыстарды анық айту.	жұтпай, қалыпты қарқынмен сөйлеуге назар аудару. Зат есім мен сын есімді байланыстырып сөйлеу: *қымбат ана, мейірімді ана, сүйікті ана*. Байланыстырып сөйлеу «Анаға сыйлық» ұсынылған сюжетті жағдай бойынша балалар өз ойларын жүйелі түрде баяндайды. Балалар бір-біріне **неге анаға сыйлық береміз?**, **не үшін анаға алғыс айтамыз?** деген зерттеу сипатындағы сұрақтар қояды,

	Байланыстырып сөйлеу «Үйге қонақ келді» сюжетті жағдайы бойынша шағын сахналық көрініс ұйымдастыру **Көркем әдебиет** Қазақ халқының қонақжайлылығы туралы мақал-мәтелдермен танысу. Жаңылтпаш айту: *«Қонақ келсе, құт келер»*. Кітаптағы суреттерді қарап, ана	тыңдау, мазмұнын талқылау. Санамақ айту, ыдыс-аяққа қатысты жұмбақтар шешу. Кітаптағы дастархан суреттерін қарап, сурет бойынша әңгіме құрастыру. **Қазақ тілі** Бата сөздерін мазмұнына сай интонациямен мәнерлеп айту. Қазақ тіліне тән ө, ү, ұ, і дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу. **Математика**	арқылы сөйлеу анықтылығын жетілдіру. Айтыс өнерімен таныстыру (қысқа сұрақ-жауап түріндегі диалог). Кітаптағы иллюстрацияларды қарап, сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру. **Қазақ тілі** Шығарманы жеткізуде дауыс ырғағын, үзілісті, логикалық екпінді қолдану. Ө, ү, ұ, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу **Математика**	Ө, қ, ү, ұ дыбыстарын сөз ішінде дұрыс қолдану. **Математика негіздері** Кеңістікте бағдарлау: алға–артқа, оңға–солға, жоғары–төмен бағыттарда қозғалу. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен белгілеу: *менің алдымда гүл, оң жағымда су құятын құты тұр*. Өлшемді салыстыру: ұзындау–қысқалау, кеңдеу–тарлау ұғымдарын қолдану.	жауап береді. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беріледі. **Көркем әдебиет** Ана туралы өлеңдерді мәнерлеп оқу, дауыс ырғағын, логикалық екпінді қолдану. Апта бойы үйренген мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, санамақтарды қайталау. Халық ауыз әдебиеті арқылы үлкенді сыйлау, анаға құрмет көрсету құндылықтарын бекіту.

	мен қонақ бейнесі бойынша әңгіме құрастыру. **Қазақ тілі** Интонацияны қолданып, қонақты қарсы алу сөздерін мәнерлеп айту: *«Қош келдіңіз!», «Төрлетіңіз!»*. Ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізу.	**негіздері** 5 көлемінде тура және кері санау. «Нешінші?», «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беру. Заттарды жұппен қою арқылы тең және тең емес жиындарды анықтау.	**негіздері** Заттарды өсу және кему ретімен орналастыру. Ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау ұғымдарын сөйлеуде қолдану. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен айту: *менің алдымда…, оң жағымда….* .		Кітаптағы ана бейнесі салынған иллюстрацияларды өз бетінше қарап, сол сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру. **Қазақ тілі** Сөйлеу барысында интонацияны өз бетінше қолдану, тыңдаушының назарын аудару. Қазақ тіліне тән **ө, қ, ү, ұ, і, ғ** дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын толық, мазмұнды сөйлемдермен жеткізуге дағдыландыру. **Математика негіздері** Уақытты

	Математика негіздері Әртүрлі ыдыстардан құралған жиынды қарастыру. Заттарды жұппен қойып, тең немесе тең еместігін анықтау. «Нешінші?» сұрағына жауап беру (дастарханға қойылған орындар).				бағдарлау: *бүгін – кеше – ертең* ұғымдарын қолдану. Реттік сан есімдерді атау: *бірінші сыйлық, екінші сыйлық.* Заттарды жұппен салыстырып, тең немесе тең еместігін анықтау. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беру арқылы қорытынды санды айту.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				

Серуен	**Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және

	ұсақ мотриканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) **Ортаңғы топ**	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Ана баланы қалай жақсы көретіні туралы әңгімелеу. Үй жануарларының төлдері суреттерін қарап, «анасы – баласы» деп	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарларды сурет арқылы таныстыру (аю, қоян). Анасы мен баласын бірге көрсету. Сурет салу Балалар тұтас	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Табиғат бұрышындағы гүлді бақылау, су құюды көру. . Сурет салу Балалар тұтас қағаз парағына **қызыл түсті** пайдаланып жүрек пішінін саусақпен бояйды. Жүректі қағаздың	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** Анаға көмектесу туралы әңгіме жүргізу. «Анаға қалай көмектесеміз?» деген сұраққа балалардың қарапайым жауаптарын тыңдау (ойыншық жинау, көмектесу). Сурет салу Балалар тұтас қағаз	Әлеуметтік дағды **Қоршаған әлеммен таныстыру** 8 наурыз мерекесі туралы айту. Аналарды құттықтау, «ана» сөзін құрметпен айту. Сурет салу Балалар тұтас қағаз бетіне **өз бетінше ойдан** сурет салады (гүл, жүрек,

	атау. Сурет салу Балалар тұтас қағаз парағына саусақпен **қызыл, сары түстерді** пайдаланып гүл салады. Гүлдің ортасын қағаздың ортасына орналастырып, айналасына күлтелерін басу арқылы бейнелейді. Сурет салу кезінде бояуды төкпей қолдануға, қолды сулықпен	қағаз бетіне алдын ала салынған бет бейнесінің ішін **қызғылт, ақ түстермен** бояйды. Көз, ауыз орнын қағаздың ортасына орналастырып бояу арқылы көрсетеді. Жапсыру Дайын көз, ауыз пішіндерін бетке жапсырады. Бет жиегіне **ирек сызық пішінді** ою элементін жапсырып безендіреді. Мүсіндеу Пластилиннен **домалақтап** «монша қ» жасайды. Дайын моншақты	ортасына орналастырады. Жапсыру Жыртылған қызыл қағаз бөліктерін жүрек пішінінің ішіне жапсырады. Жүректің жиегіне **дөңгелек элементтерді** жапсырып сәндейді. Мүсіндеу Пластилиннен кішкентай **домалақ пішіндер** жасап, жүректің үстіне басып орналастырады. Құрастыру Ірі текшелерден жүрекке арналған «қорапша» құрастырады.	бетіне **сары, көк түстермен** шеңбер сызықтар салып, «білезік» бейнелейді. Шеңбердің айналасына **қазақ оюының қарапайым элементі – ирек сызықты** саусақпен қайталайды. Ұқыпты сурет салуға, бояуды төкпеуге дағдыланады. Жапсыру Дайын дөңгелек пішіндерді қатарлап жапсырып, әшекей жасайды. Мүсіндеу Пластилинді алақанмен басып, **бір үлкен жүзік** жасайды. Ортасына саусақпен шұңқыр түсіреді. Құрастыру Әшекейлерді қоюға	сызықтар). Қызыл, сары, жасыл түстерді таңдап, бейнені қағаздың ортасына орналастырады. Сурет жиегіне **қазақ оюының қарапайым элементін** саусақпен салады. Жапсыру Апта бойы дайындалған пішіндерді бір үлкен қағазға жапсырып, **ұжымдық жұмыс** жасайды. Мүсіндеу Әр бала бір кішкентай домалақ немесе жалпақ пішін жасап, ортақ «сыйлыққа» қосады.

	сүртуге үйренеді. Жапсыру Дайын дөңгелек және жапырақ пішіндерін қағаз бетіне жапсырады. Гүлдің айналасына **қазақ оюының қарапайым элементі – дөңгелек нүктелерді** жапсырып безендіреді. Мүсіндеу Жұмсақ пластилиннен **домалақтау арқылы** гүлдің түймесін жасайды.	қағаздағы ана бейнесінің мойнына қояды. Құрастыру Қуыршаққа арналған «ана орны» (орындық, үстел) құрастырады. Қуыршақты отырғызып, еркін ойнайды.		арналған қарапайым «қорап» құрастырады.	Құрастыру Барлық құрылыстарды біріктіріп, «Ана мерекесі» бұрышын құрастырады. Дайын бұрышпен ойнайды.

	Дайын суреттің үстіне қойып, саусақпен басып бекітеді. Құрастыру Ірі құрылыс бөлшектерінен гүл қоюға арналған «ыдыс» құрастырады. Құрастырған құрылысымен ойнайды.				
Ересек топ	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Ана еңбегі – үйдің берекесі екенін түсіндіру. Үйдегі гүлдерге	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Ана дайындайтын тағамдардың өсімдіктерден алынатынын айту. Көкөністер мен дәнді дақылдардың	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау: суару, жапырақ шаңын сүрту. Өсімдіктің тірі тіршілік иесі	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Өсімдіктер әлемі туралы түсінікті кеңейту. Өсімдіктің тірі тіршілік иесі екенін, оның өсуі үшін жер, топырақ, су, жарық, жылу қажет екенін	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Ана еңбегінің отбасы өміріндегі және табиғатпен байланыстағы маңызын түсіндіру. Ана баланы тәрбиелеп қана

	күтім жасау туралы әңгімелеу. **Шығармашылық дағды** **Сурет салу** Ана мен қонақ бейнеленген сюжеттік композиция салу, заттардың арақатынасын сақтау. **Мүсіндеу** Қазақтың тұрмыстық заты – тостағанды мүсіндеп, ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** Геометриялық	пайдасын түсіндіру. **Шығармашылық дағды** Сурет салу – дастархан басындағы отбасының сюжеттік композициясын салу. Мүсіндеу – бауырсақ, табақ мүсіндеу, оюмен безендіру. Жапсыру – геометриялық пішіндерден дастархан оюын бірізділікпен жапсыру. Құрастыру – LEGO арқылы «ас үй» бұрышын ұжымдық құрастыру.	екенін, күтімді қажет ететінін түсіндіру. **Шығармашылық дағды** **Сурет салу** – анаға көмектесу көрінісін сюжеттік композицияда бейнелеу, заттардың арақатынасын сақтау. **Мүсіндеу** – қазақ тұрмысына тән еңбек құралы (күрек, шелек) мүсіндеу, ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** – гүлдер мен жапырақтардан композиция жасау, бірізділікті сақтау. **Құрастыру** – LEGO-дан «үй	тәжірибе және бақылау арқылы анықтау. Өсімдіктің даму кезеңдерімен таныстыру: тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау (суару, жапырақтарының шаңын сүрту). Адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызын түсіндіру. Шығармашылық дағды **Сурет салу** «Гүл өсіріп жүрген ана» тақырыбында сюжеттік композиция салу. Суретте өсімдіктің бөліктерін (сабақ, жапырақ, гүл) және	қоймай, өсімдіктерге, жануарларға қамқор болатынын айту. Адамның табиғатқа қамқорлық танытуы – ананың үлгісі екенін қорытындылау. Шығармашылық дағды **Сурет салу** «Анама сыйлық» тақырыбында сюжеттік композиция салу. Суретте ана мен баланың өзара қарым-қатынасын, заттардың бір-біріне арақатынасын көрсету, бейненің композициясын сақтау.

	пішіндерден дастархан оюын жолаққа бірізділікпен жапсыру. **Құрастыру** LEGO арқылы ұжымдық «қонақ бөлме» құрастыру.		маңы» немесе «аула» құрастырып, ұжымдық жұмысты талдау.	олардың бір-бірімен арақатынасын көрсету, композицияны сақтау. **Мүсіндеу** Гүл немесе өсімдік бөліктерін мүсіндеу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы пішіндегі қазақ ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** Өсімдік элементтері мен геометриялық пішіндерден жолаққа бірізділік сақтай отырып ою-өрнек жапсыру. Жұмысты ұқыпты орындау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Құрастыру** LEGO және құрылыс материалдарынан	**Мүсіндеу** Анаға арналған сыйлықты (жүрек, гүл, тостаған) мүсіндеу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ пішіндегі қазақ ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** Геометриялық пішіндер мен өсімдік элементтерінен «Анаға сыйлық» композициясын жасау. Жапсыру кезінде бірізділікті, арақашықтықты сақтап, жұмысты ұқыпты орындау. **Құрастыру** LEGO және құрылыс материалдарынан

				ұжымдық «гүлзар» немесе «бақша» құрастыру. Командамен жұмыс істеу, дайын құрылысты бірге талдау, нәтижеге баға беру.	ұжымдық «Анаға сыйлық бұрышы» немесе «Отбасы бөлмесі» құрастыру.
Балалармен жеке жұмыс	**Бағыты:** Тіл дамыту **Жұмыс:** Сурет бойынша 2–3 сөзбен сөйлем құрату. **Нәтиже:** Қарапайым сөйлем құрайды.	**Бағыты:** Дыбыс айту **Жұмыс:** «Р», «Л» дыбыстарын буында қайталау. **Нәтиже:** Дыбысты анық айтуға жаттығады.	**Бағыты:** Ұсақ моторика **Жұмыс:** Үлкен моншақты тізу. **Нәтиже:** Саусақ икемділігі дамиды.	**Бағыты:** Сөйлеу **Жұмыс:** «Қандай?» – үлкен/кіші. **Нәтиже:** Қарапайым сын есім айтады.	**Бағыты:** Қимыл **Жұмыс:** Допты домалату. **Нәтиже:** Қол координациясы дамиды.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын				

	дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Күн жылынды» **Шарты:** Балалар алаңда жүреді. «Күн шықты!» дегенде қолдарын жоғары созып жылынады, «Суық жел!» дегенде бүрісіп отыра қалады	«Қар ериді» **Шарты:** Балалар «қар» болып тұрады. «Күн қызды!» дегенде жайлап отырып, еріген қарды бейнелейді.	«Тамшы-тамшы» **Шарты:** Балалар секіріп жүреді. «Тамшы!» дегенде тоқтап, бір рет секіреді (тамшы тамғандай).	«Жел соқты» **Шарты:** Балалар ағаш болып тұрады. «Жел» дегенде оңға-солға тербеледі, «Тыныш!» дегенде қозғалмайды.	«Су жүгірді» **Шарты:** Балалар жылға суындай иреленделеп жүгіріп, белгіленген жерге жиналады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана				

	тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 2026 жыл 2 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.03.2026 ж	Сейсенбі 10.03.2026 ж	Сәрсенбі 11.03.2026 ж	Бейсенбі 12.03.2026ж	Жұма 13.03.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)				

	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары		Жүргізуші сүт өнімінің суретін немесе үлгісін көрсетеді. Балалар сәйкес атауды тауып, карточканы дұрыс таңдайды. Дұрыс жауап берген бала ұпай алады. Жүргізуші өнім туралы сипаттама айтады (мысалы: «Бұл өнім	**Өсімдікке су керек пе?»**Өсімдіктің өсуіне судың маңызын түсіндіру.Екі кішкентай гүл құмырасы Топырақ Дән (мысалы, бидай немесе үрмебұршақ)СуЕкі құмыраға да топырақ салып, дәнді отырғызу. Бір	«Қазақтың ұлттық киімдерін тану» ойыны Қазақтың ұлттық киімдерін тану, олардың атауы мен ерекшеліктерін үйрену. Балаларға киімдердің суреттері көрсетіледі.Балалар киім атауын суретпен сәйкестендіреді. Киім кию ойыны Балаларға ұлттық	Қазақтың ұлттық тағамдарының атаулары мен ерекшеліктерін үйрену. Балалардың танымдық дағдыларын, есте сақтау қабілетін және зейінін дамыту. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топқа ұлттық

Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**					
Орта топ	«Күнге қараймыз» — басты жоғары көтеру. «Бұлттар келеді» — қолды жай айналдыру. «Жаңбыр жауды» — алақанды соғу. Орнында секіру.	«Қораз» — кеудені алға шығарып, қолды сермеу. «Қоян» — тізені бүгіп секіру. «Тырна» — бір аяқта тұру. «Көбелек» — қолды қағып жүру	Қолды жоғары-төмен сермеу. «Жер жырту» — отырып-тұру. «Күн мен ай» — оңға-солға бұрылу. Қолды алға созып секіру.	«Жел соқты» — қолды жайып тербелу. «Аю жүрісі». «Құмырсқа жүрісі» — төмен еңкейіп жүру. «Шалқанды тарту».	«Күн шықты» — қолды созып тұру. «Бұлт қозғалды» — иықпен айналу. «Құстар ұшты». «Балапан» — қолды қағып, тіземен отыру.
Ересек топ	Балалардың дербес әрекеті – шеңбермен билеу Қимылды ойын – «Қара жорға»	Балалардың дербес әрекеті – велосипедпен немесе самокатпен	Балалардың дербес әрекеті – құмнан лабиринт жасау Қимылды ойын – «Мысық пен тышқан»	Балалардың дербес әрекеті – қуыршақтарға арналған «үй» жасау, жиһазын орналастыру Қимылды ойын –	Балалардың дербес әрекеті – құмнан көпірлі жол салу Қимылды ойын – «Поезд келеді»

	Бақылау, зерттеу – шөп биіктігін өлшеу (сызық бойымен салыстыру) Еңбекке баулу – құраған шөпті жұлу	жарысу Қимылды ойын – «Кім бірінші?» Бақылау, зерттеу – орындықтардың түсін, пішінін салыстыру Еңбекке баулу – орындықтарды сүрту	(рөлдік элементпен) Бақылау, зерттеу – ағаш қабығын қолмен сипап, сезімін сипаттау Еңбекке баулу – қоқыс жинау	«Қуыршақтар биі» Бақылау, зерттеу – өз көлеңкесінің ұзындығын өлшеу (аяқтан басқа дейін) Еңбекке баулу – қуыршақтардың киімін тазалау	Бақылау, зерттеу – құмның түсін, құрамын байқау Еңбекке баулу – жолды тегістеу
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Кестеге сәйкес ҰІӘ Орта топ	**Қазақ тілі** «Табиғатта» **Тілдік дамытушы орта:** Серуен кезінде табиғат нысандарын бақылау.	**Дене тәрбиесі «Шеңбер бойымен жүреміз»** **ЖДЖ:** Қолды алға созып, шапалақтау.	**Музыка** «Домбыра – халқымның қазынасы» **Мақсаты:** Балаларды ұлттық аспапты қастерлеуге баулу, музыкалық есту	**Дене тәрбиесі «Шеңбер бойымен жүреміз»** **ЖДЖ:** Қолды алға созып, шапалақтау. Саусақ гимнастикасы. **Негізгі қимыл:** Шеңбер бойымен жүру, тоқтап	**Дене тәрбиесі Доппен ойнаймыз»** **ЖДЖ:** Қолды басынан асыра көтеру, шапалақтау. **Негізгі қимыл:** Жан-жаққа баяу айналу,

	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: «с», «ш» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. **Сөздік қор:** «Жапырақ, гүл, ағаш, шөп, күн». **Грамматикалық құрылым:** Заттың түсін анықтау («жасыл жапырақ», «қызыл гүл»). **Байланыстырып сөйлеу:** Қарапайым сөйлем құру («Бұл – ағаш», «Жапырақ жасыл»).	Саусақ гимнастикасы. **Негізгі қимыл:** Шеңбер бойымен жүру, тоқтап жартылай отыру. **Ұлттық ойын:** «Хан талапай» (шарлармен). **Мәдени-гигиеналық дағды:** Киімді ұқыпты кию-шешу. **Сауықтыру шарасы:** Серуен кезінде жүгіру.	қабілетін дамыту. **Әрекет барысы:** Балаларды қазақтың күмбірлеген күйімен қарсы алу. Домбыраның шығу тарихы туралы қысқаша әңгіме (ертеде халық күймен қуаныш пен қайғысын жеткізген). Домбыраның дыбысын тыңдатып, балаларға «лә-лә-лә» немесе «а-а-а» деп әуенге қосылу. Қимыл: балалар қолдарын домбыра шерткендей етіп қимылдайды. Дидактикалық ойын: **«Әуенді тап»** – тәрбиеші бірнеше әуен ойнайды (бірі көңілді, бірі баяу), балалар көңіл-күйіне қарай қимылмен көрсетеді.	жартылай отыру. **Ұлттық ойын:** «Хан талапай» (шарлармен). **Мәдени-гигиеналық дағды:** Киімді ұқыпты кию-шешу. **Сауықтыру шарасы:** Серуен кезінде жүгіру.	допты домалату. **Ұлттық ойын:** «Алтын сақа» (доппен). **Мәдени-гигиеналық дағды:** Тарақты қолдану. **Сауықтыру шарасы:** Тыныс жаттығулары.
	Дене тәрбиесі **Тепе-теңдікті сақтау** **Жалпы дамытушы**	**Қазақ тілі** «Менің жанұям» **Тілдік дамытушы**	**Дене тәрбиесі** **Қимылдарды үйлестіру** **Жалпы дамытушы**	**Музыка** «Тыңдап, әңгімелейік» **Музыка тыңдау:** Таныс ән тыңдату (өткен	**Дене тәрбиесі** **Жылдамдықты арттыру** **Жалпы дамытушы**

	жаттығулар: Бір аяқпен тұру; қолды жан-жаққа созып тепе-теңдікті сақтау. **Негізгі қимылдар:** Сызық бойымен жүру, орындық үстімен жүру. **Ырғақтық жаттығулар:** Музыка әуенімен тепе-теңдік қозғалыстары. **Ұлттық ойын:** «Асық ату». **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қол орамалды қолдану. **Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Киімді орнына қою. **Сауықтыру шаралары:** Суық сумен шынығу.	**орта:** Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, суреттер арқылы таныстыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Қазақ тіліне тән **ү, ұ** дыбыстарын үйрету (сөздер: «үстел, гүл, ұл, ұршық»). **Сөздік қор:** «Әке, ана, аға, әпке, іні, қарындас, әже, ата».**Грамматикалық құрылым:** Жікте у, тәуелдеу («Менің әкем бар», «Бұл – менің анам»). **Байланыстырып сөйлеу:** «Менің отбасым» тақырыбына әңгіме құрастыру.	**жаттығулар:** Қол мен аяқ қимылдарын бір мезетте орындау. **Негізгі қимылдар:** Жүгіруді секірумен алмастыру, бағытты өзгерту. **Ырғақтық жаттығулар:** Әуен ырғағына қимылдарды дәл келтіру. **Ұлттық ойын:** «Теңге алу». **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Жуынғаннан кейін орамалды орнына ілу. **Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Ойыншықтарды жинау. **Сауықтыру шаралары:** Серуен кезінде қозғалыс жаттығулары.	аптадан). Балалар алған әсерін әңгімелейді. **Ән айту:** «Құлыншақ» әнін мәнерлеп айту. **Қимыл:** Құлыншақ жүрісін салып көрсету. **Аспап:** Қоңырау арқылы ырғақ соғу. **Би:** Балалар жұптасып билейді.	**жаттығулар:** Тез иілу, жылдам қимылдар. **Негізгі қимылдар:** Жүгіруді секірумен алмастыру, тосын қимылдарға жауап беру. **Ырғақтық жаттығулар:** Музыка ырғағымен жылдам жаттығулар. **Ұлттық ойын:** «Қашып құтыл». **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Тамақтану әдебін сақтау. **Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Үстелді тазалау. **Сауықтыру шаралары:** Тыныс алу жаттығулары.

	Орта топ «Менің сүйікті ойыншықтарым»Тіл дамыту және көркем әдебиет Балалардың сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелесу «Менің қуыршағым» ертегісін тыңдау Саусақ жаттығуы: ойыншық атауларын қайталау **Қазақ тілі** Жуан және жіңішке сөздерді ажырату (доп – жуан, қуыршақ – жіңішке) Қарапайым сұрақ-жауап: «Бұл не?», «Қандай ойыншық?» **Математика негіздері.** Біртекті ойыншықтарды топтау (қуыршақтар, машиналар) «Көп – аз» түсініктерімен таныстыру	**Орта топ Менің аюым Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Менің сүйікті аюым» тақырыбына әңгімелеу. «Аю» өлеңін жаттау. **Қазақ тілі** – «Үлкен-кіші», «жұмсақ-қатты» сөздерімен сөздік қорды байыту. Ойын «Ойыншықты сипатта». **Математика негіздері** – Ұзын-қысқа ойыншықтарды салыстыру. Кеңістікте бағдарлау: оңға, солға қою. **Құрастыру** – Текшелерден аюға орындық құрастыру.	**Орта топ Менің машинам Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Менің машинам» тақырыбы бойынша әңгімелеу. Қысқа әңгіме құрастыру. **Қазақ тілі** – «М», «Ш» дыбыстарын айту. Машинаға қатысты сөздер: рөл, дөңгелек, терезе. **Математика негіздері** – Машинаның дөңгелектерін Геометриялық пішіндерден жасау(дөңгелек, төртбұрыш).	**Орта топ Қуыршақпен ойын Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Менің қуыршағым ойнайды» тақырыбында әңгімелеу. Қуыршақ туралы өлең оқу. **Қазақ тілі** – Қуыршақпен диалог құру (амандасу, қоштасу). Сөздерді байланыстыру: қуыршақ – көйлек. **Математика негіздері** – Қуыршақтың киімдерін ұзын-қысқа, үлкен-кіші деп салыстыру. Тәулік бөліктерін ажырату. **Құрастыру** – Қуыршаққа арналған төсек жасау.	**Орта топ Менің сүйікті ойыншықтарым Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Менің сүйікті ойыншығыммен ойынным» әңгіме құрастыру. «Ойыншықтар елінде» ертегісін тыңдау. **Қазақ тілі** – Жаңа сөздер: ойыншық, сүйікті, бірге ойнау. Сөз тіркестері: сүйікті қуыршақ, қызыл машина. **Математика негіздері** – Бір ойыншықты бөліп көрсету. «Көп – біреу» түсінігін бекіту.

	Құрастыру Құрылыс материалдарынан ойыншық үйшігін құрастыру				
Ересек топ	«Ойыншықтар әлемі» **Сөйлеу және көркем әдебиет** – Әңгіме: «Менің сүйікті ойыншығым». Ж, ш дыбыстарын дұрыс айту. Өлең: «Ойыншықтарым». **Қазақ тілі** – Сөздік ойын: «Қай дыбыстан басталады?» (қ, ғ дыбыстарымен). **Математика негіздері** – «Ойыншықтарды топтастыр» ойыны (түсі, көлемі бойынша). **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Балабақшадағы ойыншықтардың түрлерімен	«Сүйікті қуыршағым» **Сөйлеу және көркем әдебиет** – Әңгіме: «Қуыршақ не істей алады?». «Қуыршақ» ертегісін тыңдау. **Қазақ тілі** – Сөз құрау ойыны: ө, ү дыбыстарымен. **Математика негіздері** – «Қуыршақтарға көйлек» ойыны – бірдей, әртүрлі киімдерді салыстыру.	«Машина мен ойыншықтар» **Сөйлеу және көркем әдебиет** – Диалог: «Менің машинам бар». Мақал: «Еңбек – қуаныш, ойыншық – қызық». **Қазақ тілі** – «Сиқырлы қорап» ойыны – машина түрлерін атап шығу (ұ, і дыбыстарымен). **Математика негіздері** – «Жолдағы көліктер» ойыны – ұзын-қысқа, үлкен-кіші көліктерді салыстыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Көліктің пайдасы мен қауіпсіздік ережесі.	«Жұмсақ ойыншықтар» **Сөйлеу және көркем әдебиет** – Әңгіме: «Менің жұмсақ ойыншықтарым». «Аю мен қоян» ертегісін тыңдау. **Қазақ тілі** – Дыбыстық эстафета: әр бала ойыншық атауын айтады. **Математика негіздері** – «Ойыншықтарды сана» ойыны – санау, салыстыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Жануар бейнесіндегі ойыншықтарды жануарлармен шынайы салыстыру видеоролик арқылы	«Менің сүйікті ойыншықтарым – достарым» **Сөйлеу және көркем әдебиет** – «Менің сүйікті ойыншықтарым» әңгімесі. «Ойыншықтар мерекесі» тақпағын жаттау. **Қазақ тілі** – Өтілген дыбыстарды қайталау: қ, ғ, ө, ү, ұ, і. **Математика негіздері** – «Ойыншықтарды орналастыр» – кеңістікте бағдарлау (оңда, солда, үстінде).

	таныстыру.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен **Орта топ**	Балалардың дербес әрекеті – шеңбер жасап би қимылын орындау Қимылды ойын – «Қара жорға» жеңіл нұсқасы Бақылау, зерттеу – шөптің түсін және ұзындығын байқау Еңбекке баулу – құраған шөпті жұлу	Балалардың дербес әрекеті – велосипед жарысы Қимылды ойын – «Кім бірінші?» Бақылау, зерттеу – орындықтардың түсін салыстыру Еңбекке баулу – орындықтарды сүрту	Балалардың дербес әрекеті – құмнан көпір жасау Қимылды ойын – «Мысық пен тышқан» Бақылау, зерттеу – ағаш діңінің бетін қолмен сезу, қатты-жұмсақты ажырату Еңбекке баулу – қоқыс жинау	Балалардың дербес әрекеті – қуыршақтарға арналған шағын «үй» жасау Қимылды ойын – «Қуыршақтар биі» Бақылау, зерттеу – өз көлеңкесін бақылау Еңбекке баулу – қуыршақтардың киімін тазалау	Балалардың дербес әрекеті – құмнан шеңберлі жол салу Қимылды ойын – «Поезд келеді» Бақылау, зерттеу – құмдағы түстер айырмашылығын көру Еңбекке баулу – жол бойын тегістеу
Ересек топ	Балалардың дербес әрекеті – шеңбермен билеу Қимылды ойын – «Қара жорға» Бақылау, зерттеу – шөп биіктігін	Балалардың дербес әрекеті – велосипедпен немесе самокатпен жарысу Қимылды ойын – «Кім бірінші?»	Балалардың дербес әрекеті – құмнан лабиринт жасау Қимылды ойын – «Мысық пен тышқан» (рөлдік элементпен)	Балалардың дербес әрекеті – қуыршақтарға арналған «үй» жасау, жиһазын орналастыру Қимылды ойын – «Қуыршақтар биі» Бақылау, зерттеу – өз	Балалардың дербес әрекеті – құмнан көпірлі жол салу Қимылды ойын – «Поезд келеді» Бақылау, зерттеу – құмның түсін,

	өлшеу (сызық бойымен салыстыру) Еңбекке баулу – қураған шөпті жұлу	Бақылау, зерттеу – орындықтардың түсін, пішінін салыстыру Еңбекке баулу – орындықтарды сүрту	Бақылау, зерттеу – ағаш қабығын қолмен сипап, сезімін сипаттау Еңбекке баулу – қоқыс жинау	көлеңкесінің ұзындығын өлшеу (аяқтан басқа дейін) Еңбекке баулу – қуыршақтардың киімін тазалау	құрамын байқау Еңбекке баулу – жолды тегістеу
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-**				

	гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) Орта топ	**Сурет салу** Дәстүрден тыс әдіс: саусақпен қуыршақ бейнесін салу **Мүсіндеу** Ермексаздан доп жасау (домалақтау тәсілі) **Жапсыру** Дайын пішіндерден қуыршақтың суретін жапсыру **Қоршаған әлеммен таныстыру** «Менің ойыншықтарым қайда тұрады?» (қорап, сөре) Ойыншықтарды күтіп ұстау ережелері	**Сурет салу** – Алақанмен аю бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс). **Мүсіндеу** – Ермексаздан аю мүсіндеу (домалақтау, жалпақтау). **Жапсыру** – Дөңгелек пішіндерден аю бейнесін құрастыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Үй жануарлары мен ойыншық жануарларды салыстыру.	**Құрастыру** – Конструктордан машина жасау. **Сурет салу** – Дөңгелек штампымен машина бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс). **Мүсіндеу** – Ермексаздан машина жасау. **Жапсыру** – Пішіндерден машина бейнесін жапсыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Нағыз көліктерді бақылау (сурет, видео).	**Жапсыру** – Қуыршаққа көйлек жапсыру (дайын пішіндерден). **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Балалардың сүйікті ойыншықтары мен олардың айырмашылықтарын атау. **Сурет салу** – Мақтамен қуыршақтың киімін бояу (дәстүрден тыс әдіс). **Мүсіндеу** – Қуыршаққа жеміс (алма, алмұрт) мүсіндеу.	**Құрастыру** – Барлық ойыншықтарға арналған ойын бұрышын құрастыру. **Сурет салу** – Тіс щеткасымен шашыратып ойыншық бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс). **Мүсіндеу** – Ермексаздан бірге ойнайтын ойыншықтарды жасау. **Жапсыру** – «Менің ойыншықтарым» композициясын жапсыру. **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Ойыншықтарды күтіп ұстау ережесін қайталау.

Ересек топ	**сурет салу** (дәстүрден тыс: алақанмен сурет «Ойыншық аю»), жапсыру: «Ойыншық қуыршақ», **құрастыру:** легодан «Ойыншық сөресі», **мүсіндеу:** «Кішкентай аю».	**Қоршаған әлеммен таныстыру** – Қуыршаққа күтім жасау: тарау, киіндіру. **сурет салу**(дәстүрден тыс: мақтамен бояу «Қуыршақ»), жапсыру: «Қуыршақтың көйлегі», **құрастыру:** қағаздан «Қуыршақ үйі», **мүсіндеу**: ермексаздан «Қуыршақтың ыдысы». **Қимыл-қозғалыс** – «Қуыршақпен би».	**сурет салу** (дәстүрден тыс: жіппен сурет «Ойыншық машина»), **жапсыру:** «Жолдағы машиналар», **құрастыру:** конструктордан «Гараж», **мүсіндеу:** «Машина дөңгелегі». **Қимыл-қозғалыс** – «Жүргізушілер жарысы».	**сурет салу** (дәстүрден тыс: трафаретпен бояу «Жұмсақ ойыншық»), **жапсыру:** «Қоянға сәбіз», **құрастыру:** табиғи материалдан «Жануар алаңы», **мүсіндеу**: «Жұмсақ ойыншық аю». **Қимыл-қозғалыс** – «Аюдың қимылы».	**Қоршаған әлеммен таныстыру** – «Ойыншықтарға қамқор болу» (сындырмау, таза ұстау). **сурет салу** (дәстүрден тыс: құммен сурет «Ойыншық мерекесі»), **жапсыру:** «Ойыншықтар достығы», **құрастыру:** легодан «Ойын алаңы», **мүсіндеу:** «Ойыншық кейіпкерлер». **Қимыл-қозғалыс** – «Ойыншықтар биі».
Балалармен жеке жұмыс	«Қимылды есте сақта» Бауыржан, Мұхаммед Міндеті: көрсетілген қимылды түсіну, есте сақтау және	«Ертегі кейіпкерін біл» барлық балалар Міндеті : кейіпкерді аталған белгі бойынша	«Кім қайда ұйықтайды» Амир Міндеті : ақыл-ой қабілетін, негізгі геометриялық фигура туралы түсінігін дамыту; түс атауын	«Саусақтармен сурет салу» Мадина Міндеті: ұсақ моториканы дамыту; түстерді зерттеуге көмектесу Шығармашылық	«Зат және әрекет» барлық балалар Міндеті: балалардың заттың қасиеті туралы білімін бекіту; олардың сөздік қорын байытуға және

	көбейту қабілетін дамыту; қол-көз жадын, зейінді дамыту Физикалық дағдылар	анықтау Қарым-қатынас дағдылары	бекіту; үлгі бойынша таңдау Танымдық және зияткерлік дағдылар әрекетін қалыптастыру	дағдылар, зерттеу қызметі	кеңейтуге ықпал ету Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Қаздар мен қасқыр» **Мақсаты:** Топтық бірлікті дамыту. **Шарты:** Бір бала қасқыр, қалғандары қаздар. Қаздар шеңбер бойымен жүреді, қасқыр ұстап алуға тырысады.	«Сиқырлы қақпа» **Мақсаты:** Қимыл үйлесімділігін жетілдіру. **Шарты:** Екі бала қолдарын жоғары көтеріп қақпа жасайды. Басқалары қақпадан өтіп үлгеруі керек, белгі берілгенде қақпа «жабылады».	«Жеміс теру» **Мақсаты:** Зейінді, қимыл жылдамдығын дамыту. **Шарты:** Балалар алаңдағы «жемістерді» (доп, шар) жинап, себетке салады.	«Түлкі мен балапандар» **Мақсаты:** Жүгіру дағдыларын дамыту. **Шарты:** Бір бала түлкі, қалғандары балапан. Балапандар «қорада» жүреді, түлкі қуып ұстайды.	«Теңіз жұлдыздары» **Мақсаты:** Қимыл үйлесімділігін дамыту. **Шарты:** Балалар теңіз жұлдызы болып, қолдарын созып, баяу айналады. Белгі берілгенде орнына жата қалады.

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Күні бойғы әсерін ертегі арқылы талқылаңыз. Отбасымен бірге үстел басында күннің жақсы сәтін айту дәстүрін бастаңыз. Тапсырманы орындағаны үшін алғыс айтып, жылы сөз айтыңыз. Бірге түстерге байланысты сурет салыңыз. Бірге кітап оқып, кейіпкерлердің іс-әрекетін талқылаңыз.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2025 жыл 4 апта

Білім беру ұйымы: «Балапан» шағын- орталығы

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы Үйде, топта

қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.09.2025 ж	Сейсенбі 23.09.2025 ж	Сәрсенбі 24.09.2025ж	Бейсенбі 25.09.2025ж	Жұма 26.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара				

беру	түсініcтік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаға жылы құшақтап, «күнің сәтті өтсін» деңіз. Балаға достарына күлімдеп сәлем беруді ескертіңіз. Балаға өзін-өзі мақтауды үйретететін сөз айтыңыз («мен мейірімдімін»). Қауіпсіздік ережесін еске түсіріңіз (жолдан өту, өткір зат). аланы шынайы күліп шығарып салыңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	«Жапырақтарды жинаймыз» Балабақша ауласына түрлі түсті қағаздан жасалған жапырақтар шашылып қояды. Балалар оларды жинап, «қоқыс жәшігіне» (себетке) салады. **Экологиялық тәрбие**	«Дүкен» Балалар сатып алушы болып «Алма беріңізші!» деп ойыншық затты «сатып алады». Ақшаның алмасу құралы екенін түсіндіру **Қаржылық сауаттылық**	**«**Досыңа көмектес» Балалар шеңберге тұрады. Бір бала ойыншықты түсіріп алады. Қасындағы бала «алып беріп» досына қайтарады. Барлығы кезекпен қайталайды. **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**	«Ақ серек – көк серек» (жеңілдетілген түрі**)** Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Бір-біріне қарап «Ақ серек – көк серек, бізден сізге кім керек?» деп айтады. Қарсы топтан бір бала жүгіріп келіп, досын ертіп кетеді. **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**	«Шын айтшы» Тәрбиеші ойыншықты көрсетіп: «Бұл мысық па?» деп қасақана шатастырады. Балалар «Жоқ, бұл қоян!» деп дұрыс айтады. Баланы шындықты айтуға, дұрыс жауап беруге баулу. **Адалдық әліппесі**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Орта топ	«Гүл ашылды». «Жапырақ сыбдырлады» — қолды тербету.	«Жылан» — жерге созылып жату. «Қораз» —	«Күнге қараймыз». «Желкен» — қолды жайып еңкею. «Балық» — жүзгендей	Күн шықты» — созылу. «Жаңбыр жауды» — алақанды соғу. «Көбелек ұшты».	«Жылан» — жерге созылып жату. «Қораз» — кеудені созу.

	«Жаңбыр тамшылары». «Кемпірқосақ» — жанға еңкею.	кеудені созу. «Құстар ұшты». «Қоян секірді».	қолды қозғау. «Аю жүрісі».	«Тырна» — бір аяқта тұру.	«Құстар ұшты». «Қоян секірді».
Ересек топ	«Гүл ашылды». «Жапырақ сыбдырлады» — қолды тербету. «Жаңбыр тамшылары». «Кемпірқосақ» — жанға еңкею.	«Жылан» — жерге созылып жату. «Қораз» — кеудені созу. «Құстар ұшты». «Қоян секірді».	«Күнге қараймыз». «Желкен» — қолды жайып еңкею. «Балық» — жүзгендей қолды қозғау. «Аю жүрісі».	«Күн шықты» — созылу. «Жаңбыр жауды» — алақанды соғу. «Көбелек ұшты». «Тырна» — бір аяқта тұру.	«Күн шықты» — созылу. «Жаңбыр жауды» — алақанды соғу. «Көбелек ұшты». «Тырна» — бір аяқта тұру.
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				

Кестеге сәйкес ҰІӘ **Орта топ**	**Қазақ тілі** «Жануарлар әлемі» **Тілдік дамытушы орта:** Суреттер және ойын арқылы жануарларды таныстыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** «қ», «ғ» дыбыстарын айту. **Сөздік қор:** «Мысық, ит, қоян, сиыр, жылқы». **Грамматикалық құрылым:** Жуан-жіңішке түбірлерді ажырату («қоян – қояндар», «мысық – мысықтар»). **Байланыстырып сөйлеу:** Қарапайым сөйлемдер айту («Мысық миялайды», «Қоян секіреді»).	**Дене тәрбиесі** **ЖДЖ:** Қолды жанға жазу, алақандарды жоғары қарату. **Негізгі қимыл:** Арқанн ан ұстап жүру, тоқтап бұрылу. **Ұлттық ойын:** «Ақ серек-көк серек». **Мәдени-гигиеналық дағды:** Қолды, бетті дұрыс жуу. **Сауықтыру шарасы:** Серуе н кезіндегі сергіту.	**Музыка** «Домбыраның сиқырлы әуені» **Мақсаты:** Балаларды ң ұлттық аспапқа қызығушылығын арттыру, есту және ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. **Әрекет барысы:** Балаларды домбыраның нәзік әуенімен қарсы алу. Тәрбиеші: «Домбыра — қазақ халқының жаны» деп қысқаша түсіндіреді. Домбырадан қысқа әуен ойнатып, балаларға дыбысты қайталау (мысалы: «лә-лә», «ла-ла-ла»). Қимыл: балалар шеңбер бойымен жүріп, домбыраның ырғағына қолдарын жай тербеп, кейде шапалақтайды. Дидактикалық ойын: **«Үнін тап»** – тәрбиеші әртүрлі заттан дыбыс	**Дене тәрбиесі** **«Жұптасып жүреміз»** **ЖДЖ:** Қолды жоғары, жанға көтеру. Саусақтарды ашып-жұму. **Негізгі қимыл:** Жұппен жүру, тапсырма орындап жүру. **Ұлттық ойын:** «Қуырмаш» (саусақ ойыны). **Мәдени-гигиеналық дағды:** Ас құралдарын дұрыс пайдалану. **Сауықтыру шарасы:** Су мен ауа шынықтыру.	**Дене тәрбиесі** **Жолақ бойымен жүреміз»** **ЖДЖ:** Қолды кезекпен көтеру, шапалақтау. **Негізгі қимыл:** Жолақ бойымен жүру, кедергілерді айналып өту. **Ұлттық ойын:** «Айгөлек» (әндетіп). **Мәдени-гигиеналық дағды:** Қол орамалды пайдалану. **Сауықтыру шарасы:** Тыныс алу жаттығулары («Шамды үрле»).

			шығарады (үстелді қағады, қоңырау сылдыратады, домбыра тартады), балалар тек домбыра үні шыққанда қолдарын көтереді.		
	Дене тәрбиесі Шыдамдылықты арттыру Жалпы дамытушы жаттығулар: Ұзақ уақыт бірқалыпты қимылдар. Негізгі қимылдар: Ұзақ жүгіру, баяу қарқынмен жүру. Ырғақтық жаттығулар: Музыкамен ұзақ жаттығулар. Ұлттық ойын: «Сақина тастау». Мәдени-гигиеналық дағдылар: Үстел басындағы тәртіп. Өзіне-өзі қызмет көрсету: Ас ішер алдында үстелді дайындау. Сауықтыру	**Қазақ тілі** «Табиғат құбылыстары» Тілдік дамытушы орта: Күннің ашық, бұлтты, жаңбырлы, желді күндері туралы сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән і дыбысы (сөздер: «ірімшік, іргетас, білім»). Сөздік қор: «Жаңбыр, қар, күн, жел, бұлт». Грамматикалық құрылым: Сөзде	**Дене тәрбиесі** Икемділік пен әсем қимыл Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол-аяқ қимылдарын әсем орындау. Негізгі қимылдар: Би қимылдары элементтері. Ырғақтық жаттығулар: Музыка ырғағына би қимылдары. Ұлттық ойын: «Ханталапай». Мәдени-гигиеналық дағдылар: Киімдегі ұқыптылық. Өзіне-өзі қызмет көрсету: Киімді таза ұстау.	**Музыка** Музыка тыңдай білейік» Музыка тыңдау: Баяу вальс тыңдату. Балалар әуенді соңына дейін тыңдап, әсерімен бөліседі. Ән айту: «Қошақаным» әнін мәнерлеп айту. Қимыл: Әуенге сәйкес аяқтан аяққа тербелу, қолды жай қимылдату. Аспап: Сылдырмақпен ырғақты қағу. Би: Жұптасып жүріп, жай вальс қимылын жасау.	**Дене тәрбиесі** Ай сайынғы қорытынды Жалпы дамытушы жаттығулар: Қыркүйекте үйренген жаттығуларды қайталау. Негізгі қимылдар: Қимылдарды үйлестіру. Ырғақтық жаттығулар: Музыкамен барлық қимылдарды біріктіру. Ұлттық ойын: «Ақсүйек». Мәдени-гигиеналық дағдылар: Барлық үйренген дағдыларды қайталау. Өзіне-өзі қызмет көрсету: Өзіндік тазалыққа дағдылану.

	шаралары: Серуен кезіндегі қозғалыстар.	рді септеу, тәуелдеу («Жаңбыр жауды», «Бұлт аспанда»). Байланыстырып сөйлеу: Сурет бойынша табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу. **Музыка** «Әуенді көңіл-күй» Музыка тыңдау: Жай әуен тыңдату. Балалардан – әуен тыныш па, көңілді ме – деп сұрау. Ән айту: «Ана туралы жыр» (жеңілдетілген нұсқа). Қимыл: Жай тербелу. Аспап: Барабанды жай ырғақпен ұру. Би: Жай жүріп			Сауықтыру шаралары: Ашық ауадағы қимылды ойындар.

		би қимылын жасау.			
	Орта топ Менің үстелім **Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Менің үстелім» тақырыбында әңгімелесу. Үстел туралы өлең оқу **Қазақ тілі** – «Ү» дыбысын айту, үстел, орындық сөздерін жаттау **Математика негіздері** – Үлкен үстел мен кіші үстелді салыстыру. «Көп – біреу» ұғымын бекіту **Құрастыру** – Текшелерден үстел құрастыру	**Орта топ Менің орындығым** **Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Менің орындығым» тақырыбында әңгімелеу. Жұмбақ шешу **Қазақ тілі** – «О» дыбысын айту. Орындық сөзін сөйлемде қолдану **Математика негіздері** – Үлкен орындық пен кішкентай орындықты салыстыру. «Алдында – артында» ұғымы **Құрастыру** – Құрылыс материалдарына	**Орта топ Менің төсегім** **Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Менің төсегім» тақырыбы. Ертегіден үзінді тыңдау **Қазақ тілі** – «Т» дыбысын айту. Төсек сөзін қолдану **Математика негіздері** – Ұзын көрпе мен қысқа көрпені салыстыру **Құрастыру** – Текшелерден төсек жасау	**Орта топ Менің шкафым** **Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Шкафта не бар?» тақырыбында әңгімелеу. «Ш» дыбысын айту **Қазақ тілі** – Шкаф, есік, сөре сөздерін меңгеру **Математика негіздері** – Жоғарыдағы және төмендегі сөрелерді ажырату. «Жоғары – төмен» ұғымы	**Орта топ Менің бөлмемдегі жиһаздар** **Тіл дамыту және көркем әдебиет** – «Менің бөлмемдегі жиһаздар» тақырыбында әңгімелеу. Өлең жаттау **Қазақ тілі** – Сөз тіркестері: жұмсақ төсек, кіші үстел, үлкен шкаф **Математика негіздері** – Жиһаздарды топтау: үстел бөлек, орындық бөлек. «Көп – аз» түсінігі **Құрастыру** – Құрылыс материалдарынан бөлме құрастыру **Сурет салу** – Дақ шашып бояу арқылы жиһаз бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс)

		н орындық құрастыру			
Ересек топ	**Ас бөлмесіндегі жиһаздар** **Тіл дамыту және көркем әдебиет:** Суреттер арқылы «үстел, орындық, шкаф» сөздерін таныстыру. «Бұл – үстел. Үстелде не бар?» үлгісінде сөйлем құрау. Ас бөлмесіне байланысты санамақ жаттау. **Математика негіздері:** Ас бөлмесіндегі заттарды санау (1 үстел, 4 орындық). «Көп – аз» ұғымдарын бекіту	**Қонақ бөлмесіндегі жиһаздар** **Тіл дамыту және көркем әдебиет:** «Диван қайда тұр?» сұрағына жауап беру. «Қонақ бөлме» туралы шағын өлең тыңдау. **Математика негіздері:** Геометриялық пішіндерді ажырату (кілем – төртбұрыш, үстел – дөңгелек). Ұзындығын салыстыру (диван ұзын, орындық қысқа). **Сурет салу:** Жіптің ізі арқылы «кілем өрнегін»	**Жатын бөлмесіндегі жиһаздар** **Тіл дамыту және көркем әдебиет:** «Менің төсегімде жастық бар» үлгісінде сөйлемдер құрау. Жатын бөлмесі туралы ертегіні тыңдап, мазмұнын айту. **Математика негіздері:** «Үлкен – кіші» салыстыру (төсек – үлкен, жастық – кіші). Жиһаздарды санау. **Сурет салу:** Үрлеу әдісімен «жастық пен көрпе» суретін салу.	**Балалар бөлмесіндегі жиһаздар** **Тіл дамыту және көркем әдебиет:** Диалог құру: «Бұл қандай жиһаз?» – «Бұл үстел. Ол балаға керек.» Балалар бөлмесіне қатысты тақпақ жаттау. **Математика негіздері:** Заттарды жұптау (екі орындық – екі бала). «Тең – тең емес» ұғымдарын бекіту. **Сурет салу:** Құм бетінде «балалар бөлмесінің жиһаздарын» бейнелеу.	**Жиһаздар дүкенінде** **Тіл дамыту және көркем әдебиет:** «Жиһаздар дүкенінде» сюжеттік ойын. Диалог: «Саған қандай орындық ұнайды?» – «Маған жұмсақ орындық ұнайды.» Жиһаздар туралы шағын өлең немесе жаңылтпаш жаттау. **Математика негіздері:** Жиһаздарды өлшеміне қарай салыстыру (үлкен – кіші, ұзын – қысқа). «Біреу – екеу – көп» ұғымын бекіту. **Сурет салу:** Балаларға ұнаған жиһазды өз қиялымен салу (еркін әдіс). **Мүсіндеу:** Ермексаздан шағын «жиһаздар дүкенін» жасау (үстел, орындық).

		бейнелеу.			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен **Орта топ**	Балалардың дербес әрекеті – шарды жоғары және алысқа лақтыру Қимылды ойын – «Кім биік лақтырды?» Бақылау, зерттеу – аспандағы күннің орнын байқау Еңбекке баулу – шарларды жинау	Балалардың дербес әрекеті – алаңды зерттеп жүру Қимылды ойын – «Бақа секіреді» Бақылау, зерттеу – шөп арасындағы жәндіктерді қарау Еңбекке баулу – гүлді таптамау, қоршау маңын тазалау	Балалардың дербес әрекеті – пішіндермен ойнау, пішіндерді бір-біріне қосу Қимылды ойын – «Торғайлар дән тереді» Бақылау, зерттеу – гүлдің сабағы мен күлтесін қарау Еңбекке баулу – гүлге су құю	Балалардың дербес әрекеті – арбамен жапырақ тасу Қимылды ойын – «Арба жарысы» Бақылау, зерттеу – алаңдағы түстерді атау және салыстыру Еңбекке баулу – арбаға жиналған жапырақты белгіленген жерге төгу	Балалардың дербес әрекеті – арбамен жапырақ тасу Қимылды ойын – «Арба жарысы» Бақылау, зерттеу – алаңдағы түстерді атау және салыстыру Еңбекке баулу – арбаға жиналған жапырақты белгіленген жерге төгу
Ересек топ	Балалардың дербес әрекеті – шарды жоғары және алысқа лақтыру, қашықтықты салыстыру Қимылды ойын – «Кім биік лақтырды?» Бақылау, зерттеу –	Балалардың дербес әрекеті – алаңдағы әр аймақты аралап, ойын орындарын бағалау Қимылды ойын – «Бақа секіреді»	Балалардың дербес әрекеті – пішіндермен ойнау, оларды түсі мен өлшеміне қарай бөлу Қимылды ойын – «Торғайлар дән	Балалардың дербес әрекеті – арбамен жапырақ, таяқ жинап тасу Қимылды ойын – «Арба жарысы» Бақылау, зерттеу – алаңдағы түстерді санау	Балалардың дербес әрекеті – арбамен жапырақ, таяқ жинап тасу Қимылды ойын – «Арба жарысы» Бақылау, зерттеу – алаңдағы түстерді

	күннің бағытын, көлеңкенің өзгеруін қарау Еңбекке баулу – шарларды жинау	(алысқа секіру) Бақылау, зерттеу – шөп арасындағы жәндіктердің түрін ажырату Еңбекке баулу – гүлзарды таптамау, қоршауды тазалау	тереді» Бақылау, зерттеу – гүлдің бөліктерін атау: сабағы, жапырағы, күлтесі Еңбекке баулу – гүлге су құю	және атау Еңбекке баулу – жиналған жапырақты арнайы орынға төгу	санау және атау Еңбекке баулу – жиналған жапырақты арнайы орынға төгу
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) Орта топ	**Сурет салу** – Саусақпен үстелді бояу (дәстүрден тыс әдіс) **Мүсіндеу** – Ермексаздан үстел бейнесін жасау **Жапсыру** – Дайын пішіндерден үстел бейнесін жапсыру **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Балабақшадағы үстелдерді бақылау	**Сурет салу** – Алақанмен орындық бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс) **Мүсіндеу** – Ермексаздан орындық жасау **Жапсыру** – Геометриялық пішіндерден орындық бейнесін құрастыру **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Үйдегі және	**Сурет салу** – Мақтамен төсек суретін бояу (дәстүрден тыс әдіс) **Мүсіндеу** – Ермексаздан жастық мүсіндеу **Жапсыру** – Жастық пен көрпе бейнесін жапсыру **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Төсек жабдықтарын көрсету	**Құрастыру** – Құрылыс материалдарынан шағын шкаф жасау **Сурет салу** – Тіс щеткасын пайдаланып шкаф бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс) **Мүсіндеу** – Ермексаздан шағын сөре жасау **Жапсыру** – Дайын пішіндерден шкаф бейнесін құрастыру **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Балабақшадағы шкафтарды бақылау	**Мүсіндеу** – Ермексаздан жиһаздар топтамасын жасау **Жапсыру** – «Менің бөлмем» композициясын жасау **Қоршаған әлеммен таныстыру** – Үйдегі және балабақшадағы жиһаздарды салыстыру

		балабақшадағы орындықтарды салыстыру			
Ересек топ	**Сурет салу:** Саусақпен «үстел үстіндегі дастархан» бейнесін салу. **Мүсіндеу:** Ермексаздан «шыныаяқ пен тәрелке» мүсіндеу. **Жапсыру:** Қағаздан дөңгелек тәрелке қиып, қағаз бетіне орналастыру. **Құрастыру:** Лего арқылы үстел мен орындық жасау. **Қоршаған әлеммен таныстырумен таныстыру:** Ас бөлмесіндегі жиһаздың қажеттілігі туралы әңгіме.	**Мүсіндеу:** Ермексаздан «диван жастығын» жасау. **Жапсыру:** Түрлі-түсті қағаздан төртбұрыш қиып, «кілем бейнесін» құрастыру. **Құрастыру:** Қағаздан диванның шағын үлгісін бүктеу. **Қоршаған әлеммен таныстырумен таныстыру:** Қонақ бөлмесінің отбасы өміріндегі рөлі туралы әңгіме.	**Мүсіндеу:** Ермексаздан «төсек пен жастықтың» қарапайым бейнесін жасау. **Жапсыру:** Қағаздан сопақша пішіндер қиып, «жастық» құрастыру. **Құрастыру:** Табиғи материалдардан (мақта – жастық, жіп – көрпе өрнегі) композиция жасау. **Қоршаған әлеммен таныстырумен таныстыру:** Жатын бөлмесіндегі жиһаздың маңызы (тынығу, демалу үшін).	**Мүсіндеу:** Ермексаздан «ойыншық сөресін» жасау. **Жапсыру:** Дайын пішіндерден «шкаф пен орындық» құрастыру. **Құрастыру:** Қалдық материалдардан (қорап – шкаф, қақпақ – үстел) балалар бөлмесінің макетін жасау. **Қоршаған әлеммен таныстырумен таныстыру:** Балалар бөлмесін таза ұстау, ойыншықтарды жинау дағдысын қалыптастыру.	**Жапсыру:** Жиһаздардың суреттерін қиып, «дүкен сөресіне» орналастыру. **Құрастыру:** Қораптар мен қалдық материалдардан «дүкен макетін» жасау. **Қоршаған әлеммен таныстырумен таныстыру:** Жиһазды сатып алу, күтіп ұстау, ұқыпты қолдану жайлы әңгіме.

Балалармен жеке жұмыс	**Сөйлеуді дамыту Мадина, Айзере** Жеке балаға суреттер көрсетіледі (мысық, ит, құс). Тәрбиеші: «Бұл не? Қалай дыбыс шығарады?» – деп сұрайды. **Мақсаты:** Жануар атауларын айтуға үйрету, сөздік қорын толықтыру.	Үлкен және кішкентай допты қолына ұстатып, «Қайсысы үлкен? Қайсысы кішкентай?» деп салыстырады. **Мақсаты:** Өлш емді ажырату.	**Сурет салу Амир, Бауыржан** Балаға қалың қылқалам беріліп, суға батырып қағазға еркін бояу жүргізеді. **Мақсаты:** Еркін қимылмен бояу, қол бұлшық етін дамыту.	**Мүсіндеу** Ермексазды қолына беріп, «дөңгелек жасайық» деп бағыт береді. **Мақсаты:** Қол қимылын дамыту, пішін жасауға үйрету.	Барлық балалар Текшеден мұнара тұрғызу. Тәрбиеші: «Бірін қойдық, екіншісін қойдық» деп бірге жасайды. **Мақсаты:** Кеңістікте орналастыруға үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотори каны дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Аспандағы шарлар» **Мақсаты:** Қолдың икемділігін дамыту. **Шарты:** Балалар шарды жерге түсірмей,	«Жолдан қаш» **Мақсаты:** Жыл дам реакцияны дамыту. **Шарты:** Ортад	«Секіргіш бақалар» **Мақсаты:** Секіру дағдыларын дамыту. **Шарты:** Балалар бақа сияқты секіріп,	«Желкенді кеме» **Мақсаты:** Қиял мен қозғалысты үйлестіру. **Шарты:** Балалар «кеме» болып, қолдарын жайып	«Сиқырлы доп» **Мақсаты:** Доппен жұмыс дағдыларын дамыту. **Шарты:** Балалар

	жоғары соғып ойнайды.	а сызық немесе жіп – «жол». Тәрбиеші «көлік келе жатыр» десе, балалар жолдан секіріп қашады.	белгіленген жерге жетеді.	желкен етіп, бір бағытта қозғалады.	допты бір-біріне лақтырып, жерге түсірмеуге тырысады
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Ойын арқылы жаңа білімді бекітуге уақыт бөліңіз. Бірге көңілді қимылды ойын ойнаңыз. Бүгін жасаған мейірімді ісін атап өтіңіз. Көрген қызықты оқиғасын тыңдауға уақыт бөліңіз. Ұйықтар алдында тыныш музыка тыңдату — жақсы ұйқыға көмектеседі.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2025 жыл 1 апта
3-4 аралас топ

Білім беру ұйымы: «Балапан» шағын- орталығы
Қараша әділдік және жауапкершілік айы
Жауапты болу
Уәделерді орындаи білу
Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу түсіну

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.11.2025 ж	Сейсенбі 04.11.2025 ж	Сәрсенбі 05.11.2025ж	Бейсенбі 06.11.2025ж	Жұма 07.11.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі тазалығы дене температурасы т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою тәртіп сақтау) **Қауіпсізжайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас ортақ мүдделер өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз бұл сенімділік береді.				

	Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
